

Әкімшілік сот  
әлсізді  
қорғайды  
2-бет



Театр мен кино  
өнерінің абызы  
6-бет



Азиада:  
алғашқы жүлделер  
8-бет



1931 жылдың 4 қазанынан  
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАРАФАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОФАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 28 ҚЫРКҮЙЕК, 2023 ЖЫЛ №108 (23 284)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

## Баланы қолдау арқылы болашақты қорғаймыз



Әр бала дүние есігін ашқан сәттен бастап, оның өз құқығы заңмен қорғалады. Айталық, баланың өмір сүруге, қорғалуға құқығы, денсаулығын сақтауға, баспанаға, білім алуға құқығы, жеке даралыққа және оны сақтауға, мемлекеттік көмек алуға құқығы бар. Қазақстанда 1994 жылы 8 маусымда ратификацияланған Бала құқықтары туралы Конвенцияның 4-бабында: «Мемлекет баланың Конвенцияда көрсетілген барлық құқықтарын жүзеге асыру үшін қолдан келгенін бәрін жасауға тиіс» деп жазылған. Бала құқығын қорғау мәселесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың айрықша назарында. Президент «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында бала құқығын қорғау мәселесіне тоқталып, тиісті органға тапсырма берген болатын. Біз саладағы өзгерістерге шолу жасауды жөн көрдік.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



3-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

## Ғалым ақынның аты озды

Ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ғалым Жайлыбай Түркияның Ататүрік атындағы Мәдениет, тіл және тарих жоғарғы мекемесі мен Түрік тіл қауымдастығы Түркі әлеміне ортақ мәдени құндылықтарды насихаттау мақсатында ұйымдастырған «Тіл мейрамы» бағдарламасы аясында «Түрік бірлігі» әдеби сыйлығының лауреаты атады. Бұл – Түркі әлемінің ең мәртебелі әдеби сыйлығы.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған сыйлықты Түрік тілі қауымдастығының Президенті Осман Мерт табыстады. Тұңғыш рет ұйымдастырылған халықаралық байқаудың үздіктері қатарында Әзірбайжан ақыны Сабир Рүстемханли, Қырғызстан шайыры Аида Егембердиева, Өзбекстаннан Улугбек Хамдамов және Солтүстік Кипр Түрік Республикасынан Октай Оксюзоглу бар. Әлемге әйгілі бес ақынның қатарында Ғалым ақынның болуы – бүкіл қазақ елінің мерейі.

Үміткердің шығармалары алдын ала түрік тіліне аударылып, жинақ болып шығыпты. Ғалым Жайлыбай бұған дейін де (2001

ж.) Түркі әлемінің «Ақшам жұлдызы» әдеби сыйлығын иеленген, «YANKI» атты жыр жинағы Анкара қаласында (2018 ж.) түрік тілінде жарық көрген. Бұдан бөлек, түркиялық ғалым Сәмет Өндердің «Қазақ ақыны Ғалым Жайлыбайдың таңдаулы өлеңдеріндегі тіл мен стильдік ерекшеліктер» атты монографиясы жарыққа шыққан еді.

Жырлары әлемнің бірнеше тіліне аударылып, қазақ жыршының абыройын аспандатқан Ғалым ағаның жұпар аңқыған саумал жырған алты құрық рухани ләззат алып отыр.

РЕСМИ

## Саусақ ізін тапсыру міндеттеледі

Келер жылдан бастап, жеке басты куәландыратын құжаттарды алу кезінде міндетті дактилоскопиялық тіркеу енгізілмек. Мұндай тіркеуден, 16 жасқа толмаған балалардан басқа, барлық Қазақстан азаматтары және ел аумағында тұратын шетел азаматтары міндетті түрде өтеді. Дактилоскопиялық тіркеудің міндетті болатынын Ішкі істер министрлігінде өткен брифингте Көші-қон қызметі комитетінің аға инспекторы Нұржан Жанабаев айтты.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Саусақ іздері халыққа қызмет көрсету орталықтарында жеке куәлік, төлқұжат, шетелдіктер үшін елде тұру ықтияр хаттарын және азаматтығы жоқ адамдар үшін тиісті құжаттарын алу кезінде қолданылады.

«Дактилоскопиялық тіркеуді енгізудегі басты мақсат – адам мүддесін қорғау, оның заңды құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бастама жеке тұлғаларды биометриялық сәйкестендіруді жетілдіруге бағытталған. Біріншіден, ол өз кезегінде заңсыз құжаттандыруды болдырмауға, жалған құжат арқылы жасалатын алақтық әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік береді. Екіншіден, біздің елдің азаматтарының шет елге шығу кезінде мемлекеттік шекараларды кесіп өту рәсімін жеңілдетеді. Үшіншіден, күнделікті өмірде болуы мүмкін оқыс оқиғалар, оның ішінде техногендік, апаттық жағдайларда жоғалған жеке басын куәландыратын құжаттарды қалпына келтіру барысын анағұрлым жеңілдетеді», – деді аға инспектор.

Оның айтуынша, 12 жасан 16 жасқа дейінгі балалар дактилоскопиялық тіркеуден ерікті түрде өте алады. Саусақ іздерін алу процесінен бас тартқан жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 443-1-бабына сәйкес айыппұл салынатынын да атап өтті.



ФОРУМ

## «Көздерінде от ойнар...»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бір сөзінде «Қазақстан – дарынды жастар мекені. Ертең еліміздің абыройын асыратын да – осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» деп еді. Расында, болар ел ертеңін ойлайды.

Облысымыздың жастары қолдаудан кенде емес. Өңірде жыл сайын жастардың форумы өтеді. Биыл да өз жалауын көтерді. Қазақстан халқы Ассамблеясы белсенді, білімді, талапты жастардың басын қосты. «Saryarqa Jastyrgy» деп аталған форум үш күнге жалғасады. Форумға Ассамблеяның белсенді жастары, Жастар ұйымдарының өкілдері, облыстың түпкір-түпкірінен келген еріктілер қатысуда.



Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Үш күн ішінде шеберлік сағаттары, тренингтер, интерактивтер циклі ұйымдастырылды. Семинар-тренингтерде өз ісінің білгірлері, кәсіби мамандары еңбекке талаптанған жас буынға дөріс оқыды, тәжірибелерімен бөлісті.

Форумның шымалдығы шаңырақ астындағы дөңгелек үстелмен ашылды. Дөңгелек үстелде Ассамблея мен әкімдік өкілдері сөз алып, форумның мақсатын айқындап алды. Форумның мақсаты – Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі шеңберінде қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірлік негізінде жастарды

дамыту және шоғырландыру, әлеуметтік белсенділігін арттыру. Одан бөлек, өңірдегі Ассамблея өкілдерінің мемлекеттік органдар институттарымен, білім беру ұйымдарымен іскерлік байланыстарын нығайту. Шара «ҚХА облыстық жастар қозғалысын дамыту» жобасы аясында өтіп жатыр екен.

Мемлекетіміз жас буынға қалай көңіл бөлетінін жақсы білесіздер. Себебі, білімді, белсенді жастар – қоғамның қозғаушы күші. Саналы жастары көп елдің келешегі жарқын екені сөзсіз. Облысымызда 62 этномәдени бірлестік бар. Әрқайсының жанынан жастар қанаты құрылған. Бізде тілді, ұлттық мә-

дениетімізді дәріптейтін барлық мүмкіндік бар. Жастар қанаты өте белсенді. Еліміздің ұстанымына сәйкес барынша еңбек етіп, үлгі көрсетіп жүр. Мәселен, қарағандылық жастарды бүкіл республика жақсы таниды. Сіздерді өзге өңірдің азаматтары құрметтейді.

Бүгінгі форумға ел тағдырына алаңдайтын, «елім, жерім» деп жүрген жастар жиналды. Осында жаңа достар табасыздар, өзара диалогта білімдеріңіз артып, танымыңызыз кеңейеді деп үміттенемін. Баршаныңызға сәттілік тілеймін, – деді облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ұлан Өдпелбеков.

3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 505.27

•USD/KZT 476.89

•RUB/KZT 4.95

•CNY/KZT 65.24

Қазақстан Ұлттық Банкінің  
27 қыркүйек, 2023 жылғы дерегі бойынша





# Дәрігер тапшылығы жойылмай тұр

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат отырысы медицинаға арналды. Нақтыласақ, алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігін жақсарту жайы талқыланды. Қолға алынған шаралар сөз болды. Оның ішінде, аймақ басшысы дәрігерлер тапшылығына баса назар аударды.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенованың айтуынша, облыс бойынша 85 учаскелік дәрігерге қажеттілік бар.

– 29 педиатр, 32 жалпы тәжірибелік дәрігер және 24 терапевт жетіспейді. Жағдайды 42 жалпы тәжірибелік дәрігердің резидентураға түсуі бұл тапшылықты арттырды. Қалаларда дәрігерлердің жетіспеушілігі қандай да бір шешім тапқанымен, ауылдық жерлерде мәселе сол күйі тұр. Бүгінгі таңда учаскелік дәрігерлермен жасқаталу 89,4% көлемінде. Негізінде терапевт, педиатр және жалпы тәжірибелік дәрігері қажет, – деді Бибігүл Райханқызы.

Бұл мәселені шешу үшін облыста бірнеше бағдарламалар жүзеге асырылуда. Қалалар мен монокалалардағы кадр тапшылығы Қарағанды медицина университетінің резиденттері есебінен толықтырылады. Резидентурада оқи жүріп, дәрігер ретінде жұмысқа орналаса алады. Ауылдық жерлерде және аудандық маңызы бар қалаларда жұмысқа орналасуға шешім қабылдаған медициналық және фармацевтика саласының жас мамандары үшін биыл алғаш рет қомақты қолдау шарасы қолға алынғаны мәлім.

– «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында медициналық кадрларды тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен, акушер-гинекологтар, педиатрлар, жалпы практика дәрігерлері, анестезиолог-реаниматологтар 5 миллион теңге мөлшерінде көтерме ақы алады, кардиологтар, хирургтар мен невропатологтар, офтальмологтар – 3 миллион, акушерлер, фармацевтер – 1,5 миллион теңге алады. Мамандығы бойынша үш жылға дейін нақты жұмыс өтілі бар жас маман немесе шақырылған кызметкер әлеуметтік қолдау алуға құқылы, – деді ведомство басшысы.

Басқарма басшысының баяндамасынан мәлім болғандай, аймақта алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін 37 медициналық мекеме бар. Оның 22-сі мемлекеттік болса, қалған 15-і – жекеменшік. Бұлар – на-



уақтардың бірінші баратын жері. Аудандар мен ауылдық жерлердегі медициналық мекемелер де осы санатқа жатады.

– Медициналық қызметтің шалғайдағы елді мекендердегі қолжетімділігіне тоқталатын болсақ, бұл мақсатта 7 жылжымалы медициналық кешен жұмыс істейді. Олар биыл 28 мың адамды, оның ішінде 9 мыңнан астам баланы тексерді. Тексеріс кезінде анықталған науқастар диспансерлік есепке алынды. Бұрын жылжымалы кешендер мамырдан қыркүйекке дейін жұмыс істейтін. Биыл олардың жұмысы сәуірде басталып, қарашаның соңына қарай аяқталады. Бұл шалғайдағы ауыл тұрғындарын барынша қамтуға мүмкіндік береді, – деді Бибігүл Райханқызы.

Бұдан бөлек, ол облыс тұрғындарын тегін дәрі-дәрмекпен қамту үшін республикалық бюджеттен 12,6 млрд. теңге бөлінгенін де атап өтті.

Сонымен қатар, облыстық мәслихат арқылы орфанды аурулармен ауыратын 708 науқас қажетті препараттармен қамтамасыз етілді. Бұл үшін 1 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінді. «Қазақстан халқына» қоры да 1,4 млрд. теңге көлемінде 26 орфанды науқасты өмірлік маңызы бар дәрілермен қамтамасыз етті.

Облыста бүгінде барлығы 12 870 медицина қызметкері еңбек етуде. Оның 4 076-сы дәрігерлер, 9 мыңға жуығы – орта медициналық қызметкер. Мұның ішінде, 350 дәрігер мен 1500-нан астам орта медициналық қызметкер ауылдық жерлерде еңбек етуде.

Маман тапшылығына қарамастан, медициналық инфрақұрылым айтарлықтай дамуда.

– Соңғы бес жылда облыста 14 жаңа жекеменшік медициналық ұйым пайда болды, – деді Бибігүл Төлегенова. – Нәтижесінде медициналық мекемелерге жүктеме төмендеді. Мәселен, бұрын бір емханаға 40-45 учаске тіркелген болса, қазір бұл көрсеткіш орта есеппен 12-16-ға дейін төмендеді. 20 минуттағы қолжетімділік шарттары сақталады, кезек күту сияқты мәселелер шешімін табуда.

Бұдан бөлек, жыл сайын жергілікті бюджеттен резидентурада мамандар даярлауға қаржы бөлінеді. Шәкіртақы да беріледі. Бұл іске медициналық мекемелер де белсенді араласады. Себебі, олар өздеріне келетін маманға мүдделі.

Бибігүл Төлегенова атап өткендей, емханаларды бөлшектеу жалғасуда. Қарағандыда Оңтүстік-Шығыста «Панель-Центр» шағынауданында емхана құрылысы басталды. Тамыз айында Қарағандының №2 көпсалалы ауруханасының базасында қан айналымы жүйелерінің үйлестіру-диагностикалық орталығы ашылды. Сондай-ақ, кеншілер астанасында аутоиммунды аурулардың консультациялық-диагностикалық орталығы, қант диабеті және метаболизм орталықтарын, тыныс алу органдарының аурулары пайдалануға беру жоспарлануда. Қараша айында томотерапия орталығы іске қосылады.

Аймақ басшысы баяндамашыдан кадр мәселесін қалай шешетінін сұрады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

Бибігүл Төлегенованың айтуынша, Қарағанды медицина университетіне оқуға түскен басқа аймақтардың студенттері оқу

• ТІКЕЛІ ЭФИР

## Жеті мың адам атаулы көмек алады

Атаулы әлеуметтік көмек көрсету және отбасының цифрлық картасын енгізу тақырыбы аясында облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы тікелей эфир өткізді. Басқарманың әлеуметтік нормативтер және әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі Ерболат Қазеннің айтуынша, бүгінгі таңда облыс бойынша 7 мыңнан астам адам атаулы әлеуметтік көмек алады.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Облыс бойынша аз қамтылған 1 692 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып отыр. Оларда 7 743 адам бар. Биылғы жылдан бастап, 6 жасқа дейінгі балаларға беріліп келген азық-түлік-тұрмыстық жиынтықтар монетизацияланған көмек түріне ауыстырылды. Бұл – көпшілік ата-ананың талап тілегін ескере отырып, қабылданған шешім. Қазір бұл көмек 1,5 АЕК көлемінде беріледі және оны 2 351 бала алып отыр, – деді ол.

Атаулы әлеуметтік көмекті мемлекет жан басына шаққандағы орташа айлық табысы белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға ұсынады. Ол Әлеуметтік кодекстің 120-бабына сәйкес жан басына шаққандағы орташа кірісі кедейлік шегінен аспайтын ел азаматтарына, тұрақты тұратын қандастарға, босқындарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға беріледі. Осы заңнамаға сәйкес атаулы әлеуметтік көмек көлемі отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы мен кедейлік шегінің арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

– Кедейлік шегінің мөлшері өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ын құрайды. Бүгінде ол облыс бойынша – 45 920 теңге, ал, кедейлік шегінің мөлшері – 32 144 теңге. Мысалы, отбасында 6 адам бар. Ондағы жан басына шаққандағы орташа табыс 25 128 теңге десек, кедейлік шегінің арасындағы айырмашылық бір адамға 7 016 теңгеден шығады. Оны отбасындағы 6 адамға көбейтеміз. Яғни, бұл отбасы бір айдың ішінде 42 096 теңге көлемінде ақшалай көмек алады, – деп түсіндірді Ерболат Қазен.

Спикердің айтуынша, атаулы әлеуметтік көмек шартсыз ақшалай көмек түрінде отбасында еңбекке қабілетті адам болмаса немесе еңбекке қабілетті деген жалғыз адамның үш жасқа дейінгі балаға, мүгедектігі бар балаға,

бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамға, өзгенің күтіміне және көмегіне мұқтаж қартқа күтім жасап отырған кірісі аз отбасыларға көрсетіледі.

Тікелей эфир барысында айтылған тағы бір мәселе – отбасының цифрлық картасы. Ол биылғы жыл басынан енгізілуде.

– Карта – азаматтарға олардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілді мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға құқықтары туралы «электрондық хабарлау» функциясы бар мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті форматының жаңа құралы. Қазір бұл жүйеде облыстың шамамен 430 мың отбасы, яғни, 1,1 млн. тұрғыны туралы мәліметтер қамтылған. Соның негізінде «отбасы портреті» қалыптастырылған, – деді Ерболат Маратұлы.

Мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқылы адамға қызмет көрсетуге келісім алу үшін СМС-хабарлама жіберіледі. Одан кейін әлеуметтік жәрдемақы, төлемдер немесе мемлекеттік қолдаудың өзге де түрлері тағайындалып, кейіннен алушының банк шотына аударылады.

– Енгізілетін әлеуметтік әмиян қазақстандықтарға банк карталарын пайдаланудың баламасын ұсынады. Онда қазір қолданып жүрген карталардың барлық мүмкіндігі болады. Бүгінгі таңда елдің Ұлттық Банкі, Сауда және интеграция, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктері бірлесіп, аталған мәселені қарастырып жатыр, – деді спикер.

Оның айтуынша, әлеуметтік әмиянның артықшылығы оның Ұлттық банк жүйесінде әрбір қазақстандыққа ЖСН бойынша ашық болуында.

– Шот ашу немесе банк картасын жаңарту үшін екінші деңгейдегі банктерге тұрақты түрде бару қажеттілігі болмайды. Бұл сондай-ақ әмиянға әлеуметтік төлемдерді белсенді түрде есептеуге мүмкіндік береді, – деді Ерболат Маратұлы.

• БРИФИНГ

## Әкімшілік сот әлсізді қорғайды

Елімізде 2021 жылдың шілдесінен бастап, жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне еніп, жеке сот орындаушылар және квазимемлекеттік сектор ұйымдарымен арадағы даулар мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың көмегімен шешілетін болды. Осыныша уақыт ішінде өңірде сотқа барлығы 3 500 талап-арыз келіп түскен. 1 200-ден астам шешім шығарылған. Талаптардың 50%-ы қанағаттандырылған, оның 21%-ы азаматтардың пайдасына, 29%-ы бизнестің пайдасына шешілген. Әкімшілік соттарды енгізудің нәтижесі туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Қанат Мақажанов айтты.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің өңірде көбінесе жеке сот орындаушылардың әрекетіне шағым түседі. Одан кейінгі кезекте – салық органдарына қарсы талап-арыздар және жер дауына қатысты шағымдар. Талап-арыздардың елеулі бөлігі «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы порталы арқылы түсі, – деді Қанат Мақажанов.

Әкімшілік соттарды енгізудегі әу бастағы мақсат – мемлекеттік басқару органдарымен арадағы даулар болған жағдайда бетбұрыс жасау, тараптардың процесуалдық мүмкіндіктеріндегі алшақтықты жою. Мемлекеттік органдарда заң бөлімдері бар екені баршаға аян. Өз кезегінде, кез келген азамат заң талаптарын жетік біле бермейді және көбіні заңгер жалдауға да мүмкіндігі жоқтығы анық. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс енгізілгені бері құзырлы мекемелер алдында есесі кеткен адамдардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғалып, судьялар азаматтарға жақтасатын болды. Яғни, құзырлы орган өзіне өтінішпен жүгінген кез келген азаматтың ісін заң аясында онтайлы шешуге мүдделі.

Брифингте Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Қанат Мақажанов әкімшілік органдарда осы уақыт ішінде қандай өзгерістер орын алғанын, жаңа кодексті енгізудің нәтижесі қандай болғанын мысал-дәйектермен айтып берді.

– Әкімшілік рәсім – әкімшілік іс бойынша шешім шығарудың дәйекті рәсімін білдіреді. Тындау – міндетті кезеңдердің бірі, ол кезде арыз беруші қанағаттандырудан бас тартқан арыз бойынша алдын ала шешімге қарсылықтарын айта алады. Бастапқы кезде әкімшілік органдармен тындау жүргізіле бермеді. Заң бұзушылықтарға сот ұдайы ден қоя бастады, – деді Қанат Маратұлы.

Мысалы, басқарма тарапынан ЖШС-ке тексеріс жүргізіле бастаған, оның нәтижесі бойынша орындауға міндетті нұсқама берілген. Сотта анықталғандай, ЖШС-ке тексерістің алдын ала нәтижелері белгілі болмаған және тындау жүргізілмеген. Бұл ретте талап қоюшыда шығарылған нұсқамаға қарсы уәждер болып, ол уәждерді сот назарға алуды лайық деп тапқан. Нәтижесінде нұсқама өз күшін жойған.

– Заң бойынша әкімшілік акт заңды және негізді болуы керек. Бұл талаптар әрдайым сақтала бермейді. Кейде арыз-



дарға немқұрайлы кеңселік жауаптар беріле салады. Мысалы, пәтерді жалдап алушы жекешелендіруге рұқсат беру үшін мемлекеттік мекемеге жүгінген. Органмен бұл арызға ешқандай негіз келтірілмей сотқа жүгінуге қажетті туралы жазбаша жауап берілген. Бұл заңсыз деп танылған. Арыздарға жауап ондағы әрбір уәжде негізді және заңды түрде берілуі керек, – дейді Қанат Маратұлы.

Ал арыздарға жауап толық берілмесе, оны сот міндеттейді.

бекітілген. Жалпы мағынада олар барлық күмән, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына шешілетінін білдіреді, – деді ол.

Ауданаралық әкімшілік сот төрағасы осы қағидаттардың бұзылуының мысалы ретінде облыс орталығы тұрғынның тіркеуші органға жер учаскесі бар тұрғын үйді заңдастыру арызымен жүгінгенін келтірді. Тіркеуші орган заңдастыру шешіміне күмән келтіріп, арызды қанағаттандырудан бас тартқан. Сонымен

қатар, жауапкермен жер учаскесіне жекеменшік құқығын беретін актінің талап қоюшыда бар екендігі ескерілмеген. Негізгі қағидаттарының бұзылуына байланысты сот бас тартуды заңсыз деп танып, меншік құқығын тіркеуді міндеттеген.

– Әкімшілік рәсімдер қағидаттарынан басқа арнайы қағидат бар, оны тек сот қолданады, ол соттың белсенді рөлі. Талап-арыз сотқа түскеннен кейін судья оның сотпен немесе соттармен қаралмайтын түсіндіруге құқылы. Сондай-ақ, судья тараптардың уәждері мен дәлелдемелері бойынша өз пікірін айта алады. Кейбір жағдайларда арызды қайтарып алуға әкеледі. Тараптарды өзара қанағаттандыратын шарттарда татуласу келісімдері де жасалып отырады. Соттың белсенді рөлі атқару нәтижесінде шешім шығарусыз 402 жағдайда дау шешілді, – деді Қанат Мақажанов.

Сот ақшалай өндіріп алуды қолдану арқылы сотқа және сот актісіне деген құрмет білдірушілікті қалыптастыруда. Соттың шешімдерін орындамағаны үшін мемлекеттік органдар да ақшалай өндіріп алу түріндегі жауапкершілікке тартылған.

– Қазіргі таңда барлық дерлік сот процесі жауапкерлермен немесе олардың өкілдерімен өткізілетінін атап өту керек. Жекелеген жағдайларда мемлекеттік органның басшылары тікелей өздері қатысады. Бұған дейін көп жағдайда мемлекеттік орган өкілдері қатысуы жөн көрмейтін. Тұтастай алғанда, аз уақыт ішінде екі жылдық сот тәжірибесі әкімшілік органдардағы жағдайдың біртіндеп өзгеріп жатқанын куәландырады, – деді ол.



# «Көздерінде от ойнар...»



(Соңы. Басы 1-бетте).

Форум үшін арнайы алыстан ат арытып келген спикерлердің бірі – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Руфина Усанова. Ол жастармен мотивациялық кездесу өткізді.

– Мен талапты жас өрендерге өзімнің қызметтік жолым хақында айтып бердім. Әсіресе, Ассамблеядағы өміріме ерекше тоқталдым. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдаулар туралы толық ақпарат беруге тырыстым. Жастар өз мүмкіндіктерін білуі қажет. Көбісі хабарсыз. Қазір кәсіп ашуға да, жұмысқа тұруға да, идеяларды жүзеге асыруға да мүмкіндік мол. Менің дәрісім осындай маңызды мәселелерді қамтыды. Барынша мотивация бердім деп ойлаймын. Одан бөлек, елді кері қайтару жемқорлықтың зияны жөнінде ой қозғадым. Қазақстанның келешегі

жастар осы бір індетпен күресуі тиіс, – деді Руфина Қасымқызы.

Форум «Достық үйімен» шектелмеді. Жастар Қарқаралы және Абай аудандарының киелі, тарихи орындарына барды. Мұндағы мақсат – жастарға өлке тарихын дәріптеп, тұрмыс табиғатын көрсету.

Форумның бірінші күні қатысушылар Долинка кентіндегі Қарлағ музейін аралады. «Мамочкино зираты» мемориалына барды.

Қарқаралы сапары тарихи шаһардың кіреберісіндегі Қарқабат ананың ескерткішінен басталды. Одан әрі Құнанбай қажы мешітіне ат басын бұрды. Хәкім Абай тоқтаған үйге де барды.

Жалпы форумға 50-ден астам белсенді жас қатысуда. Солардың бірі – Приозерск қаласынан келген Жазира Жорабекова. Ол форумнан өзіне қажетті білім алып қана қоймай, жана ортамен танысуға мүмкіндік туғанына қуанышты. Қызықты сапарлар да әсер еткенін айтты.

– Осындай форумға қаты-

сып жатқанымға қуаныштымын. Өңірдің үздіктерімен танысып, дос болдым. Адамды шындайтын – өзінің жүрген ортасы, – деді Жазира Жорабекова.

Форумға келген Ақнұр Әбілованың да қатысудағы мақсаты айқын.

– Осы форумнан көп нәрсе үйренетініме күмән жоқ. Алғырлармен пікір алмасып, тұлғалық тұрғыда ілгерілеуге әбден болады. Әсіресе, семинарларда өз ісінің үздіктері дәріс оқиды. Мен үшін бұл таптырмас мүмкіндік. Бастысы – жігерлендім. Өзіме деген сенімділік артты, – деді Ақнұр Әбілова.

Форумды ұйымдастырудағы негізгі ниетті аңдағандай болды. Басты мақсат – жастардың көзіндегі және кеудесіндегі отты жағу. «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп еді ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан. Рас, көзде от, кеудеде бұлқынған мінез болмаса, ұлтқа қызмет етем деу бос әуре секілді.

• БРИФИНГ

## Делдалдың дәурені жүріп тұр

Өңірде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы күйіп тұр. Ал, ол бағаны қойып отырған – жеке кәсіпкерлер. Тауар бағасын көрсетілген тауарлық үстемекке асыра саудалап, қымбатшылықты қолдан жасауда. Осы мақсатта жыл басынан бері Қарағанды облысы бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне 2 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Мамандар тиісті тексеру жұмыстарын жүргізіп, 2 кәсіпкерлік субъектіге 258 750 мың теңге айыппұл салды. 18 кәсіпкерге ескерту берген. Одан бөлек, бір іс бойынша екі тарап өзара татуласып, тағы бір іс бойынша зерттеу кезінде департамент мамандары заң бұзушылық болмағанын анықтады. Бұл туралы Қарағанды облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті бас маманы Еркін Балмағанбетов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мәлімдеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұтынушылардың арыз-шағымының басым бөлігі – тұрмыстық қызмет көрсету, жиһаз өндірісі мен пластик терезелерді орнату қызметіне байланысты. Яғни, тұтынушы сатып алған тауарынан өзі қалағандай нәтиже алмаған. Усынылған қызмет кезінде қызметкерлер өз міндетіне салғырт қараған. Осындай келеңсіздікке тап болған тұтынушылар департаментке шағым түсірген. Мамандары жыл басынан бері түрлі орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне тексеру жұмыстарын жүргізіп, 5 кәсіпкерге ескерту жасады. Тағы бесеуіне айыппұл салынып, 767 500 мың теңге өндірілді.

Тексеру жұмыстары кезінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын көрсетілген тауарлық үстемекке асырып саудаланған 12 кәсіпкер анықталып, ескерту берілді. Одан бөлек, рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасынан асырып сатқан 1 кәсіпкерлік субъектіге 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды.

– Электрондық коммерция және тұрмыстық қызмет көрсету кезіндегі заң бұзушылық жиі орын алады. Сонымен қатар, бөлшек сауда бой-

ынша да тұтынушылардан үнемі шағым түседі. Қазіргі таңда кәсіпкерлердің көбі сатып алған тауарының кері қайтарудан бас тартып жатады. Тұтынушылар өнім сапасына, тауар қаптамасына қатысты бұрмалану, кәсіпкерлердің тауардың сатып алғандығын растайтын құжаттарды ұсынбауы жиі кездесіп жатады. Талап қою және сот ісі бойынша департамент талап қоймайтын үшінші тұлға ретінде 30 сот отырысына қатысты. Оның ішінде сот тұтынушылардың пайдасына 19 шешім шығарып, 6 істі екі тараптан өзара мәмілеге келістірді. Ал, 5 іс бойынша шағымданған тұтынушылар сот залында арызын қайтарып алды, – деді Әсел Болатқанқызы.

Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлер дүкендеріне «Тауар кері қайтарылмайды және ауыстырылмайды» деген жазумен тақтайша іліп қойған. Сонымен қатар, тек дүкен емес, мұндай жағдай дүрханаларда да жиі тіркелуде. Ал, мамандар жеке кәсіпкерлердің бұл әрекетін «Заңсыз» деп отыр.

– Егер мұндай жағдай тақтайшаларды көрсендірер, дүкен немесе кәсіп иесінен қай заңға негізделіп жазылғанын сұрау қажет. ҚР Тұтынушылардың құқығын қорғау заңының 30-бабына сәйкес келуі шарт. Яғни, заңға сәйкес қандай тауарлар

қайтарылмайды? Қайтарылмайтын тауарлардың атын атап, түсін түстеп қоятын болса – заңды. Егер жай ғана тақтайша іліп, заңда көрсетілгендей толық жазбаса бұл тұтынушының азаматтық құқығын бұзғандығы.

Ал, дәріхана мәселесі де дәл осындай. Кері қайтарылмайтын дәрі немесе түрлі медициналық құрылғылар бар. Дәріханадағы мамандар да ҚР Тұтынушылардың құқығын қорғау заңының 30-бабына сәйкес қайтарылмайтын дәрілердің немесе құрылғылардың тізімін көшіпшілік назарына қоюы қажет, – дейді Еркін Салауатұлы.

Қазіргі таңда интернет арқылы түрлі сайттардан әртүрлі тауар тапсырыс беретіндердің саны күрт өскен. Осы тұрғыда дүйім жұрттың көкейінде «өзім туралы ақпараттарды толтыру қажет пе?» деген сұрақ туындайды.

– Тапсырыс беруші тапсырыс бермес бұрын дүкеннің атын және кімге тапсырыс беріп жатқандығы туралы толық ақпаратты білу қажет. Әрі ақша жіберетін шотын тексеріп алу қажет. Ұялы телефоны, тіпті пошта жәшігінің логиніне дейін алу қажет. Тауарды алғанда видеоға түсіріп алуға кеңес беремін. Себебі, бұл сіз үшін де, біз үшін де – айғақ, – деді Әсел Болатқанқызы.

# Баланы қолдау арқылы болашақты қорғаймыз

(Соңы. Басы 1-бетте).

**Балаларды қолдау орталықтары қайта өзгерді**

«Мен Мемлекет басшысы ретінде кәмілетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін. ...Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек», – деді Президент биылғы Жолдауында.

Мемлекет басшысының 2022 жылдың жазында өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы аясында Оқу-ағарту министрлігі балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтарын мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын әзірледі. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен суицидтің алдын алу үшін құжатта 53 шара қарастырылған. Кешенді жоспар шеңберінде өткізілетін негізгі іс-шаралар да айқындалды. Оның қатарында балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тәуекелдердің интегралды бағдарламасын әзірлеу; халықаралық тәжірибеге негізделген бірыңғай буллингке қарсы бағдарламаны енгізу; мектепшілік есеп жүргізу шеңберінде кей-менеджмент технологиясын енгізу және мектептерде балаларға арналған жеке қауіпсіздік сабақтарын енгізу. Сондай-ақ, кешенді жоспар аясында мектеп педагог-психологтарының жұмысын қайта форматтау жоспарда.

Кейінгі кездері өңірде де бала құқығын қорғау жүйесінде өзгерістер орын алды. Мәселен, балалар үйі балаларды қолдау орталықтары болып қайта құрылып, қамқорлықсыз қалған балалардың санын кемітуге сеп болды.

– Қазіргі уақытта Оқу-ағарту министрлігі комиссиялардың қызметін күшейтуді трансформациялау жү-

мысын жалғастыруда. Барлық өзекті ақпараттар, жалпы стандартты хаттамалар бір базаға жинақталатын Ұлттық білім беру деректер қоры негізінде бірыңғай портал құрылады. Сонымен қатар, отбасын әлеуметтік есепке алу тетігін енгізе отырып, комиссияның жұмысына өзгеріс енгізу жоспарлануда. Бұл мақсатты көмек бере отырып, әл-ауқаты төмен отбасылардың санын азайтуға көмектеседі және жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың арнайы мекемеде тәрбиеленуіне жол бермейді. Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу үшін министрлік арнайы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды асырап алушыларға қатысты қазір білім беру ұйымдарының номенклатурасы бойынша бұйрыққа өзгерістер енгізуде, – деді облыстың білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова.

Білім басқармасы басшысының айтуынша, «Балаларды қолдау орталықтары» атауы «Арнайы қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» болып өзгертілді. Бұл орталықтар қайта форматталып, әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға, балаларды отбасына орналастыруға, оның ішінде патронаттық тәрбиені ұйымдастыруға ден қояды. Орталықтарды трансформациялау жаңыға кешенді көмек көрсетуге және балаларды мекемелерде ұстаудан, күтіп-бағудан бас тартуды көздейді. Өйткені, әр бала отбасында өсуі керек.

Қарағанды облысы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтарын мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыруды қолға алды. Бұл – барлық баланың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жоба.

– Кәсіби патронаттық отбасы институтын енгізу балаларды қолдау орталығында тұратын балалар санының азаюына, оның өмір сүру сапасын жақсартуға, панасыз қалған және арнайы қызметтерге мұқтаж балаларды әлеуметтендіруге ықпал етеді. Балаларды күтіп-бағуға ай сайын материалдық қолдау және жәрдемақы беріледі. Біздің өңірде



де бұл үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінген. Биыл Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқықтарын мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыруды бастаймыз. Бұл – негізгі бастамалардың бірі. Бұл жоба қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қызметтермен қолдауға бағытталған, – деді басқарма басшысы Гүлсім Шабданқызы.

Қиын жағдайда қалған балаларға көмек көрсету мәселесі – басты назарда. Былтыр облыс аумағында «Қамқор» рейді жүргізілген. Нәтижесінде 35 отбасы анықталып, онда тәрбиеленіп жатқан 71 балаға көмек көрсетілді. Полиция департаментімен бірлесіп, уәскелік инспекторлар бекітілген. Бұл мәселе үнемі әкімдіктің және кәмілетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның бақылауында болмақ.

**Құқығы бұзылған балалардан 292 шағым түскен**

Былтыр еліміздің барлық өңірін-

де Бала құқығын қорғау жөніндегі уәкіл лауазымы енгізілген еді. Қарағанды облысында бұл лауазымға көпжылдық еңбек өтілі бар Ирина Киселева бекітілді. Бала құқықтары жөніндегі уәкіл көмегіне ата-аналар да, балалар да жүгінеді. Бүгінде уәкілге 292 шағым түскен.

тиек етті. Бала қорғау жөніндегі жергілікті уәкіл Финляндия сала бойынша әлемдік рейтингте алдыңғы орында екенін, озық тәжірибесін Қазақстанға енгізуінің қандай артықшылығы бар екенін айтты.

– Финляндия – біз секілді БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі

лар қылмысы, агрессия, т.б. болып жатқан жағдайлар саладағы жаңа бастамаларды жасауға, заңға өзгеріс енгізуге әкеледі, – дейді уәкіл.

«Балаларға қолдау көрсетуде кәсібилік жетіспеуі жататын шығар. Бірақ біздің Қарағанды облысының психологтары нағыз кәсіби мамандар. Оған білім басқармасының Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу зертханасын атауға болады», – дейді Ирина Киселева.

**Психологиялық қолдау қызметінің үлесі**

Педагог-психологтар баланың эмоционалды жағдайын қолдауда ерекше рөл атқарады. Қазіргі балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру және оларға уақытылы, әрі жан-жақты көмек көрсету үшін психологиялық қызметтерді бейімдеу, күшейту қажет. Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажеттігін Мемлекет басшысы кешегі Жолдауында да айтқан еді. Қарағанды облысының Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу зертханасының басшысы Татьяна Любчанская жоғарыда аталған кешенді жоспар аясында қиын жағдайға тап болған балаларға сапалы әрі тиімді көмек көрсету үшін әлеуметтік педагогтер мен психологтар штатын кеңейтуді күп көретінін айтады.

– Қиын жағдайға тап болған балаларды өмірге бейімдеу маңызды. Осы тұста әлеуметтік педагогтер мен психологтардың елеулі еңбегі көрінеді. Олардың үлесін арттыру – уақытылы көмек көрсету үшін әлеуметтенуді қабылдауды жүзеге асыру үшін қажет. Өрине, мұндай іс-шараларды өткізу үшін уақыт керек. Сондықтан оқу үдерісіне сағаттарды енгізу дұрыс мәселе. Біліктілігін арттыру да маңызды. Бұл өз кезегінде қиын жағдайға тап болған балаларға сапалы әрі тиімді көмек беруге сеп болады, – дейді ол.

Зертхана басшысының айтуынша, өңірлік орталықтар білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін психологтар мәселесін шешуге көмектеседі. Мектеп ішінде туындаған проблемалар психологтардың көмегімен шешіледі.

– Біздің міндетіміз – суицид пен буллингке ұшыраған балаларды анықтау ғана емес, тәрбие процесінде де айналысу, профилактикалық алдын алу және балалардың соңғы көріністі қайта қайталамауға сеп болу, – деді Татьяна Любчанская.





## • КӘСІБІН-НӘСІБІН

# «Алтын уақыттың» сырын ұққан Гүлмира

«Кәсіп ашамын, бизнес бастаймын» дегендерге қолдау мол. Әсіресе, жастарға. Бірі бағын ауыл шарушылығында сынаиды, бірі тігіншілікпен, аспаздықпен, автокөлік жөндеу ісімен байланыстырады. Ондайлар жетеді. Бірақ, аймақта алғашқы медициналық көмек көрсету курсы ашқан жалғыз Гүлмира ғана.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды медицина университетінің 4-курс студенті Гүлмира Төрежанова – DAMU\_MED курстарының негізін қалаушы. Облыс әкімінің жастар кәсіпкерлігін дамыту және қолдау грантын ұтып алып, оқу орталығын ашты. Оның орталығынан осы уақытқа дейін 150-ден астам адам алғашқы медициналық көмек беру негіздерін үйреніп шықты. Гүлмира ісін дамытып, басқа қалалардан да орталық ашқысы келеді. Себебі, сұраныс көп.

– Медицина қызметкерлері ғана емес, қарапайым адамдар да алғашқы көмектің қалай жасалатынын білулері керек. Жоба осы мақсатта қолға алынды. Қабылдау бөліміне алып келген пациенттердің көбісі алғашқы көмектің дұрыс көрсетілуінен қайтыс болып кететінін жұмыс кезінде жиі көреміз. Медицинада «алтын уақыт» деген ұғым бар. Егер зардап шеккен адамға бір сағаттың ішінде дұрыс алғашқы көмек көрсетілмесе, кейін жан-жақты емдегенімен, оның салдары қалады. Мысалы, көп адам инсультпен түседі. Инсульттің белгісін білмей, тек адам құлаған кезде ғана жедел жәрдем шақырады. Мига 2 минут оттегі бармаса, 2 миллион нейрон жасушасы өліп қалады. Кейін оны қалпына келтіру мүмкін емес. Адамның жансызданып, сал болып қалатыны содан, – дейді Гүлмира Төрежанова.

Оның мұндай жобаны қолға алуына отбасына қатысты жайт та түрткі болған екен. Айтуын-



ша, ерекше болып туған бауыры алғашқы көмек дұрыс көрсетілмегендіктен, көз жұмыпты. Қарапайым адамдарға аса қажетті білім мен машықты үйретуде Гүлмираның жан-тәнімен кіріскен себебінің бірі осы болар. «Алтын уақытты» өткізіп алмауға үйрету.

– Әкім гранты беріледі дегенді естіп, өз мүмкіндігімді сынап көргім келді. Жобаны жазып, қорғап шықтық. Әлеуметтік жоба болғандықтан да, маңызы зор. Мұндай жоба республикада Алматы жақта бар деп естідім. Облыста біздікі ғана. Грант бойынша алған 2 миллион теңгенің көп бөлігі мен екен, жиназ алуға, кеңсе жалдауға кетті, – дейді ол.

Жобаны жүзеге асыруда Гүлмиранен қоса Айерке Кенжебекова да еңбек етеді. Екеуі университет студенттеріне кейбір пәндер бойынша семинар мен тренингтер де

өткізеді. Ал, алғашқы көмек көрсету бойынша курс көбінесе сенбі, жексенбі күндері өтеді екен.

– Жұмыстан бос кезге қойдық. Сабақ үш күн бойы 4 сағаттан

болады. Курс аяқталғанда сертификат береміз. Әрине, ол медициналық жұмыспен айналысуға мүмкіндік бермейді. Тек әркімнің өзі үшін керек машықты меңгергенін көрсетеді, – дейді Гүлмира.

Курстың мақсатты аудиториясы – қарапайым халық. Оның ішінде, медицинаға қызығушылық танытқан оқушылар, мұғалімдер, автобус жүргізушілері, жас аналар бар екен. Мәселен, қыздар автобус паркіне өздері ұсыныс білдіріпті, нәтижесінде 20 шақты автобус жүргізушісі курсты аяқтап шықты.

– Жазағайым оқиға кез келген жерде болуы мүмкін. Қоғамдық көлікте көмек көрсете білетін адамның болғаны жақсы. Мәселен, аналар екпе салу, баласы бөгде зат жұтып қойса, мұрнына кетіп қалса, не істеу керектігін үйренеді, – деп түсіндірді ол.

Жалпы, курстың ауқымы кең

Теориясын түсіндіріп, іс жүзінде көрсетеді. Қатысушылардың да манекендерге жаттығуына мүмкіндік береді. Манекендерде электрондық функция арқылы әрекеттің дұрыс не бұрыс жасалып жатқаны монитормен көрініп тұрады. Бір курсқа 5-6 адам ғана қатысады. Бастысы, нәтиже деп санайды ол. Келгендер клиникалық өлім, инфаркт, инсульт, эпилепсия, талма, күйік шалу, ток соққанда, суға батқанда, анафилактикалық шок, қан кету, сыну

жағдайларында алғашқы көмек көрсету негіздерін үйреніп шығады. Оның айтуынша, бұлар – өмірде жиі кездесетін жазатайым жағдайлар.

Орталықты дамыту – Гүлмираның алға қойған мақсаттарының бірі.

– Алдағы уақытта курсты жетілдіргіміз келеді. Инстаграмнан көріп, әр қаладан хабарласып, өз қалаларында бар ма деп сұрап жатады. Басқа қалалардан ашу жоспарымыз бар. Бірақ, курсты онлайн оқу мүмкін емес, – дейді ол.

Курс ақысы қолжетімді. Студенттерге, көпбалалы аналарға жеңілдік те қарастырып қойыпты. Гүлмира резидентурасы кардиолог немесе реаниматолог мамандығы бойынша жалғастырмақ ниетте. Жобасын да орта жолда қалдырмақ емес.

## • БІЗДІҢ СҰХБАТ

Хатуна ДЕВДАРИАНИ:

# Жауапкершілік – ата-ананың мойнында

Тамақтың ауруы, жөтелу себебі тұмау емес, жедел респираторлық вирустық инфекция болуы мүмкін. Бізге бірдей көрініспен, мамандардың айтуынша, екеуі екі бөлек дерт. Қазір жедел респираторлық вирустық инфекцияның белең алып тұрған шағы. Ол жағдайға қарамайды, жас талғамайды. Инфекция әсіресе, балаларға ауыр. ЖРВИ және оның алдын алу жайлы облыстық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс балалар инфекционисті, Қарағанды медицина университеті инфекциялық аурулар және фтизиатрия кафедрасының қауымдастырылған профессоры Хатуна Девдаранимен аз-кем сұхбаттасқан елік.

– Хатуна Георгиевна, ЖРВИ мәселесіне тоқталайық...

– Жедел респираторлық вирустық инфекциясы – шынымен де балалар педиатриясындағы маңызды мәселе. Ол жоғары тыныс алу жолдарының қабынуы, қалтырау, ринит, жөтел, тамақтың жыбырлауы сияқты белгілерден білінеді. Оның жеңіл, орташа, орташа ауыр, ауыр түрлері болуы мүмкін. Оның барлығы баланың жағдайына қарай анықталады. Бұл – инфекциялардың үлкен

болса, инфузиялық терапия, яғни, система береді.

– Көпшілік ата-ана үшін ЖРВИ мен тұмау жағдайында қандай дәрі беру мәселесі маңызды. Қандай дәрі нәтижелі болады?

– Қазіргі күні белгілі препараттардың дәлелденген негіздемесі жоқ. Әлемде оларды ұсынбайды. Үйде дәрі-дәрмектерден ыстық түсіретін дәрілер ғана қолдануға болады. Дене қызуының өзі суффериальды температура



тобы. Оның қоздырғышы – вирус. Ол мұрын, көз конъюнктивасы арқылы азаға енеді.

– Тұмау мен ЖРВИ белгілерінде қандай айырмашылық бар?

– Кенеттен көтерілген дене қызуы тұмауға қатысты. Мысалы, балабақшадан не мектепте ешқандай суық тию белгілері байқалады баланың температурасы көтеріледі. Таңертең бала сау болған. Оның екі түрі бар. Гриппозды түрі жаңа айтқан кенеттен басталатын температура, басқа белгілері екінші күнінде қосылуы мүмкін. Парагрипп кезінде суық тию белгілері байқалады және баланың дауысы шықпай қалады, өткір жөтел байқалады. Гриппозды емес түрлері де бар. Оған аденовирусты инфекция, назофарингит, ларинготрахеит және басқасы жатады. Аденовирус инфекциясы өткір басталады, температура көтеріледі. Аденовирусты пайда болған конъюнктивиттен анық көруге болады. Кейде көз былшықтанбаса да, қарашық бетін сұр қабықша жауып тұруы мүмкін. Ал, тыныс алу жеткіліксіздігі, яғни, стенозды бастапқы кезеңде байқау мүмкін емес. Ол орташа ауыр және ауыр жағдайда ғана байқалады. Оның барлығын білікті дәрігер ғана анықтайды.

– Ал, ата-аналар қандай белгілерге назар аудару керек?

– Кез келген ата-ана ЖРВИ мәселесінде сақ болуы керек. Әсіресе, жаңа туған сәби мен 5 жасқа дейінгі баланың ата-анасы. Олар үшін назар аудару тиіс төрт жағдай бар. Бала еме алмаса, су іше алмаса, бұл – бірінші белгі. Ол оның қаламағандығынан емес, жағдайына байланысты іше алмай тұр. Екіншіден, су не тамақ ішкеннен кейін құсса, үшінші белгі – құрысып қалса, дереу дәрігерге бару керек. Сосын баланың жағдайына қарау керек. Бала үнемі ұйқылы-ою күйде немесе ес-түссіз болса, бұл шұғыл медициналық көмекке жүгіну керектігін білдіреді. Бұл белгілер бала өміріне қауіп төндірді. Және олар жылдам пайда болады. Оның алдын алу үшін емделуді ерте бастау керек.

– Бұл ретте емделудің жолдары қандай?

– Үйдің ауасын жаңарту, жиі тазалау, ауаны ылғалдату сияқты әдістер бәріне мәлім. Сонымен қоса, ауырған баланы тамақ ішуге кинамау қажеттігін еске саламын. Оның да бала ағзасында интоксикация бар. Бірақ, су ішкізу керек, ішпесе қауіп арта түседі. Егер бала су ішпесе, айтқанындай, дәрігерге бару керек. Онда баланың жағдайы анықтап, қажет

дене қызуының 38 градусқа дейін көтерілуі, фебрильді 38 градустан асқан жағдайда қалыпта-сады. Ыстық түсіретін дәрілерді дене қызуы 38,5 градустан асса ғана тағайындайды. Оның өзі парцетамол мен ибупрофен ғана. Қолданғанда тәуліктік дозасынан асырмау қажет. Мөлшерінен асып кеткен дәрі өмірге қауіп төндірді.

– Емдеу кезінде антибиотик қолдануды біреулер дұрыс дейді. Антибактериальды препараттарды қай кезде қолдану дұрыс?

– Ем кезінде ата-аналары антибактериальды терапия беруін немесе ауруханадан шығаруын сұрайды. Бұл дұрыс емес. Антибактериальды терапия керек болса, біз тағайындаймыз. Вирусты инфекция жағдайында басқа органдар, мәселен, ЛОР, несеп шығару, тыныс алу органдары жүйесі жағынан асқынұлары анықталса, міндетті түрде қолданамыз. Басқа кезде антибактериальды препараттарды қолданудың мүлде қажеттілігі жоқ.

– Инфекция неше күнге созылуы мүмкін?

– Әдетте ЖРВИ 1-7 күнге созылады. 3-4 күндері науқас айналысына аса қауіпті болады. Науқастың жағдайы бесінші күнге қарай жақсаруы тиіс. Егер бұл мерзімде жазылмаса, дәрігерге барып, қайтадан анализ тапсырған жөн. Бұл ағзада асқынұ процесі болып жатқанын көрсетеді. Жалпы, инфекциялардың бұл тобы қырқүйектен басталып, суырге дейін созылуы мүмкін. Науқастар саны ақпан, наурыз айларында өседі.

– Аурудың алдын алу мүмкін бе?

– Профилактиканың спецификалық түрі бар. Ол – вакцинация. Аймақта «Гриппол» вакцинасы қолданыста. Оны 6 айлық баладан бастап сала беруге болады. 6-36 айлық балаға 0,25 мл көлемінде бір рет салады. Кейін 3-4 аптадан кейін қайталайды. Одан үлкен балалар мен ересектерге 0,5 мл доза. Оны да бөліп немесе толығымен салуға болады.

Тұмау – өте қауіпті ауру. Асқынса, адам көз жұмуы мүмкін. Сондықтан, денсаулығына байланысты қарсы көрсетілділері болмаса, вакцинациядан бас тартпаған дұрыс. Балаңыздың жайын өзіңізден артық ешкім білмейді. Сондықтан, бала денсаулығына бірінші ата-анасы жауапты.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан,  
Жансая ОМАРБЕК  
«Ortalyq Qazaqstan»

## • АЙЛЫҚ

# Ауыр дерттің алдын алу маңызды

Өткен сенбі Қарағанды қаласының №3 көпсалалы ауруханасындағы гинекологиялық қатерлі ісікке қарсы күрес айлығына арналған Ашық есік күні өтті. Аурухана мамандарының айтуынша, мұндай шаралар мен түрлі бағыттағы скринингтер тұрғындардың өздері білмей жүрген дерті болса, ертерек анықтауға мүмкіндік береді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, Ашық есік күні ауруханаға 200 адам барды. Оның 10-ында қатерлі ісік ықтималдығы жоғары болса, 28 әйелде қатерлі ісікке дейінгі жағдайлардың белгілері анықталған. Белгілер деп жасушалар құрылымындағы қандай да бір өзгерістерді айтады мамандар. Енді оның қатерлі ісікке айналуын болдырмай, емдеуге мүмкіндік туыды.

– Бұл шаралардың мақсаты да – осы, ерте анықтау, – дейді №3 көпбейінді аурухананың амбулаториялық-емханалық қызмет жетекшісі Александр Красножен. – Науқастарға белгілердің байқалғанын күтудің қажеті жоқ. Әр адам денсаулығында ештеңе замаламаса да, бір рет дәрігерден тексерілуі қажеттігін үнемі қайталаймын. Обыр деген бетперде артында тұрады. Басқа белгілер-



мен көрініс беруі мүмкін. Обырдың нақты белгілері көрініс бергенде, кеш болуы ғажап емес. Сондықтан, сақтық науқастардың өзінде де болуы тиіс.

Маман бүгінгі таңдағы онкологиялық қызмет ауруды ерте анықтауға басымдық беріп отырғанын айтты.

– Скринингтер мен осындай шаралар бізде ғана емес, барлық

емханаларда жиі ұйымдастырылады. Оның барлығы ауруды ерте сатысында анықтауға мүмкіндік береді. Онкологиялық аурулар аймақта былтырғымен салыстырғанда 1-2 пайызға өскен. Бірақ,

сын сау ағзада пайда болмайды. Толық немесе дұрыс емделмеген, созылмалы аурулар обырға алып келеді. Көбінесе пациент еме алып, жеңілдей бастаған кезде емін тоқтатуы мүмкін. Кейін ол созылмалы ауруға айналады. Жатыр мойны обырын алатын болсақ, жатыр мойнында қатерлі ісік пайда болғанға дейін қаншама ауру түрі бар. Эрозия, полип, эритроплакия, лейкоплакия сосын дисплазияға ауысады. Бұл – жатыр мойны обырының бастауы. Оның да жеңіл, орташа, ауыр түрлері бар. Жатыр мойны обыры көрінбейді, білінбейді. Науқастардың асқынған кезде келуіне бұл да бір себеп. Әйтпесе, адам өз-өзіне жау емес қой. Ауырса, келіп, көрінер еді. Ал, қан кету, ауырсыну сияқты белгілер асқынған кезде, басқа органдарға әсер ете бастаған уақытта байқалатын жайттар, – дейді гинекология және онкогинекология бөлімі менгерушісінің міндетін атқарушы Динара Имендинова.

Дәрігер ауруды ерте анықтап, асқындырмас үшін жылына екі рет гинекологқа қаралуға кеңес берді.

Гинекологиялық қатерлі ісікке қарсы күрес айлығы айдың соңына дейін жалғасады.

– Обырдың қай түрі болма-

## • ВАКЦИНАЦИЯ

# Инфекциядан екпе қорғайды

Тұмауға қарсы ресейлік «Гриппол плюс» вакцинасының 173 000 дозасы аймақ үшін алынды. Мамандардың айтуынша, бұл облыс халқының шамамен 15%-ын имундауға жетеді.

Жансая ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Вакцинация бірінші кезекте диспансерлік есепте тұрған немесе жас ерекшеліктеріне байланысты имунитеті төмендеген адамдарға, жүкті әйелдерге, 60 жастан асқан қарттарға жасалады.

Бұл қатарға қызмет түріне байланысты вирус жұқтыру қаупі жоғары мамандар кіреді. Олар медицина қызметкерлері, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың, қарттар үйлерінің қызметкерлері.

Денсаулық сақтау басқармасы мамандарының мәлімдеуінше, аталған вакцина ел аумағында

2019 жылдан бері қолданылып келеді. Оның құрамында А және В тұмауының үш штамы бар. Осы уақытқа дейін вакцинадан болған асқынұ жағдайлары тіркелген жоқ.

Тұмау пневмония, миокардит, перикардит, жүрек жеткіліксізді-

гі, синусит және гайморит, бүйрек ауруларының, менингит, энцефалит сияқты аурулардың асқынұын туғызуы мүмкін. Сондықтан, сала мамандары екпе алудан қашпау керектігін алға тартады.

Тұмауға қарсы вакцинация қазан айының біріннен басталады.





• ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ КҮНІ

# Ойшылдың ақылы да, нақылы да ортақ

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің «Жастар Әлемі» жастар орталығында Дүниежүзілік Конфуций институттарының күні аталып өтті. Мерекеге ректор, профессор Дай Бинь бастаған Шихэцзы университетінің (Қытай) делегациясы арнайы келді. Шихэцзы университетінің студенттері мен оқытушылары Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенттерін аспанасты елінің ежелгі мәдениетінің дәстүрлерімен, сондай-ақ, қытай тілінің негіздерімен таныстырды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

Конфуций институттары әлемнің 150 елінде құрылған. Олардың жалпы саны 500-ден асады. Сонымен қатар, 1000-нан астам Конфуций сыныптары да бар. Қазақстан Республикасында Конфуцийдің бес институты жұмыс істейді. Олардың бірі 2012 жылы дәл осы Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде құрылған. Осы жылдар ішінде мұнда 2000-нан астам студент білім алды. Олардың арасынан ұлы философияның тілінде сөйлегісі келетін талапкерлер де табылған.

Концерттік бағдарлама барысында студенттер күй орындап, әннен шашу шашты. Бұдан кейін Қытай делегациясы да өз базарлықтарымен бөлісті. Олар Қытай Халық Республикасының танымал спорты у-шу, «Тайдзи» және «Герань» билерімен көрермен қауымы таң қалдырды. Шара көркін қыздырған да осы қос елдің бір-біріне деген ыстық ықыласы болды.

— 2014 жылдан бері бұл мереке бүкіл әлемдік мерекелер қатарына еніп, аталып өтіледі. Әбілқас Сағынов атындағы универси-



тетіміз де солардың қатарында. Жалпы, Конфуций — ол барша адамға ортақ ойшыл. Конфуций іліміне қызығушылық танытқан жастар біршама. Олардың қатарында біздің оқу орнымыздың студенттері де бар. Осы 11 жыл аралығында 100-ге жуық қарағандылық студент Қытай мемлекетіндегі оқу орындарының грантына ие болды. Ал, биылғы оқу маусымында 3 қарағандылық

студент Қытайда оқу мүмкіндігіне қол жеткізді. Онда оларға қомақты шәкіртақы, жұтын орын және оқумен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік берілді, — деді Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің жанынан құрылған Конфуций институтының директоры Татьяна Филипова. Арнайы шараға сондай-ақ, Қытайдың Шихэцзы уни-

верситеті ұстаздары келді. Шихэцзы университеті Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Шихэцзы қаласында орналасқан. Ол — Қытайдағы ең маңызды 100 университеттің бірі. 70 жылдық тарихы бар университетте 30 мыңға жуық студент пен аспирант оқиды. Профессор-оқытушылар құрамы 2611 оқытушыдан тұрады. Олардың ішінде 2 академик, 166 профессор және 489 доцент бар.

Шихэцзы университеті 23

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# Меган Макпалды іздеп келді

Халқымыздың өзге ұлттар мен ұлыстардан ерекшелендіріп тұратын бекзада өнерінің бірі — құсбегілік. Шет ауданының тұрмасы, жасынан қыран баптаған бүркітші Макпал Әбдіразақованың есімі дүйім жұртқа жақсы таныс. Жақында канадалық Меган Фитс-Джеймс есімді журналист Макпал бүркітші қызды іздеп келді. Монғолияда «Айшолпан» атты бүркітші қазақ қызы туралы фильм түсіріген журналист Меган бұл жолы Макпалдың өзімен, туған жерімен танысуды жөн көріпті.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Журналист ақпарат көздерінен Қазақстанда «Макпал деген бүркітші қыз тұрады» дегенді есті сала, АҚШ-тың Сан-Франциско қаласынан Дубай арқылы Алматыға ұшып келіпті. Аудан орталығында түсірілім тобымен жұмыс жасаған Меган Фитс-Джеймс мұражайға барып және құсбегілікке қатысты және сөредегі басқа да жәдігерлермен танысты. Қонаққа құрмет көрсеткен Шет ауданы әкімінің орынбасары

Дегенмен, Қазақстан мен Монғолиядағы құсбегілік қазақтың ұлттық салтын айшықтап тұрғаны бірден байқалады. Ежелгі көшпенділерді көзге елестетіп, кең далада құс салудың ганибетін көрсетеді, — дейді Меган Фитс-Джеймс. Сонымен қатар, журналисті ерттеулі тұрған ат пен шаңқ-шаңқ еткен бүркіт, аулада жүрген қазақы тазылар, бүркітшілердің құс салып, ит жүгірткен саятшылығы тамсандырды. Айта кетейік, Меган Макпал туралы фильм түсіруді жоспарға алыпты. Макпал Әбдіразақова құсбегілікпен 13 жасынан бастап айналысып келеді. Оның алғашқы



Орал Стыбай ежелгі Ұлы даланы мекен еткен бабаларымыздан қалған мұрадан сыр шерткен «Тасқа тұнған құпия» атты жазушы Кәмел Жүністегиінің кітабын сыйға тартты. — Мен құсбегілік өнермен жете танысып, насихаттау мақсатында Монғолиямен қатар, Қытай, Жапония, Африка елдерінде болдым.

ұстазы — әкесі Мұрат та белгілі бүркітші. Қолындағы құсын күтіп-баптауда, талай сонарларда қаршадай қызын үнемі қасына ертіп жүріпті. Бүгінде көзін ашқалы көрген киелі өнерді жетік меңгерген Макпалдың өзі тәжірибелі бүркітшіге айналған. Шет ауданы

• ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

# Бұқара бұйымтайы ескерілді

27 қыркүйектен бастап, Қарағандыда №63 жаңа жолаушылар автобусы жолға шығып, №69 автобус қозғалыс бағытын өзгертеді. Жаңа қоғамдық көлік облыстық онкологиялық диспансерден 30 шағынауданға дейін қатынайды. Ал №69 маршрут тұрғындардың өтінішімен жолаушыларды қаладан Жұмысшы кентіне дейін тасымалдайтын болады. Мұндай жаңалықпен Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожухов әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісті.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Жұмысшы кенті тұрғындарының өтініші бойынша 27 қыркүйектен №69 маршруттың

қозғалысын өзгертеміз, дәлірек айтсақ, ұзартамыз. Бүгінгі таңда бұл кентте жолаушыларды тасымалдауды тек Жұмысшы кенті пен Сұрыптау арасында жүретін №42 маршрут жүзеге асырады.

Тұрғындар Майқұдыққа дейін бірнеше маршрут арқылы жетуге мәжбүр болды. Енді жағдай өзгереді және адамдарға әлдеқайда ыңғайлы болады. №69 автобус тек Майқұдық бойынша емнахадан 14-ші шағын ауданға дейін жүрсе, енді ол емнахадан Жұмысшы кентіне дейін жүреді қатынайды, — деді қала әкімі. Бұл бағытпен 50 минут аралықта екі автобус жүреді. Маршруттың қозғалыс сызбасы қоса беріледі.

№63 жаңа қоғамдық көлігі 20

минут аралықпен жүреді. Аялдамалары бар маршруттың қозғалыс сызбасы қоса беріледі.

— Мұнай базасы ауданы тұрғындарының өтінішімен ауданға жаңа автобус — №63 жаңа жолаушылар бағыты «30-шағын ауданы — Онкология» бағыты бойынша жүреді. Камская, Резник және Ерубав көшелерін қамтиды. Маршрутта 20 минут аралықпен 5 автобус жолаушы тасымалдайды, — деді Мейрам Қожухов.

ҚАРАҒАНДЫ

• ЖОБА

# Рухтың керіп желкенін...

Балқаш қаласында Қазақстан, Ресей, Армения және Түркия белсенділері Балқаш көлінде «Рух желкендері 2023: қоғамдастықтың дамуы» атты бірінші инклюзивті лагерін ашты. Бір айта кетері, олардың барлығы халықаралық экстрабилділік қоғамдастығын дамытуға бағытталған «Рух желкендері» жобасының қатысушылары — мүгедектігі бар жандардан құралған. Балқаш көлінде өткізген бірнеше күннің ішінде көптеген адамдар есек есуді жетік меңгеріп, желкенді тримаранды басқаруды және белгілі қашықтықты жылдамдықпен өтуді үйренді.

Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Рух желкендері» жобасының мақсаты — қатысушылардың ерекше дарындары мен қабілеттерін көрсетудің тиімді үлгісі ретінде инклюзивті яхталарды танымал ету. 2011 жылдан бастап, әлем бойынша инклюзивті экспедициялар өтуде. «Росатом» бұл жобаны 2016 жылдан бері қолдап келеді.

Жоба тобы Арменияда, Қазақстанда және Түркияда инклюзивті әлеуметтік-мәдени және спорттық шараларды дамыту арқылы тәжірибе жинақтауда.

Бірнеше күн жаттығудан өткен қатысушылар жеке командалар желкенді қайықпен сыңға түсті. «Рух желкенінің» ерекшелігі — мүгедектігі бар және мүгедектігі жоқ қатысушылар бірге жаттығу жасап, жарыс жолында бақтарын сынады.

Лагер қатысушылары мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтендіру тәжірибесін ұсынып, инклюзивті тренинтер



мен семинарлар ұйымдастырды. Сондай-ақ, стимулдық қозғалыс қоғамдастықтарын қалыптастыру бойынша семинар өтті.

— Біз Балқаш көлінің жағасына келіп, керемет сезімді бастан кешіріп жатырмыз. Бұл — «Белый трость» ұйымы үшін Қазақстанда лагер өткізу жаңа тәжірибе және «Рух желкендері» халықаралық

инклюзивті жобасына қосылу үшін жергілікті қауымдастықтармен және белсенділермен көптен күткен жүздесу. Біз ұзақ және жемісті ынтымақтастық бастайтынмызға сенімдіміз.

Мүгедектігі бар жанның қолынан көп нәрсе келетіндігін көрсетіп, мүгедектігі бар адамдар үшін мүмкіндіктер шегін кеңей-

тіп, оларға әлеуметтік-мәдени өзара іс-қимыл орнатуға көмектестің боламыз.

Осы іс-шараға қолдау білдірген Қарағанды облысының әкімдігіне және Балқаш қаласының әкімдігіне алғыс білдіремін, — дейді «Рух желкендері» жобасының жетекшісі, «Белый трость» АУО президенті Олег Колпашиков.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарда жаңа таланттар мен қабілеттерді дамытудың үздік «экстрабилділік» тәжірибелері бойынша тәжірибе алмасуы ең жарқын әсерлі сәт болып есте қалатындарын жеткізді. Көптеген адамдар бұл команданың бірігуіне ықпал ететін есек есу екенін атап өтті.

Түркияның Көру қабілеті бойынша мүгедектер федерациясы төрағасының орынбасары Дурсун Арслан көл жағасындағы игі мүмкіндіктердің шекарасын кеңейтіп, олардың әлеуметтік-мәдени қарым-қатынас орнатуына ықпал ететіндігін айтты.

— Күн сайын жобаға қатысушылар өздерінің жеке оқиғаларымен, сондай-ақ, табысты инклюзивті тәжірибелерімен бөлісті. Семинарда бірегей тұлғалар сөз сөйледі. Спикерлер Ботагез Игенбаева, Юрий Александров және басқаларының баяндамалары мені одан әрі рухтандыра түсті.

Қазақстанның қонақжайлығына риза болдым. Түбі бір Түркі елінің дәстүрі, тілі ұқсастығын аңғардым, — дейді «Tarsus disability platform» ұйымының

басшысы Дурсун Арслан.

Желкенді катамаранды басқару бойынша сабақтарды желкенді және есек есудің кәсіби жаттықтырушы, «Рух желкендері» жобасының тәлімгері Виктор Клоков жүргізді.

«Жайық желкені» Орал желкенді-туристік клубының капитандары клуб регаттарына және көшпелі жарыстарға, жорықтар мен саяхаттарға қатысуына, сондай-ақ, осы іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесті. Желкенді қайық капитаны Алексей Солодке Балқаш көлінде алғаш жүзгенін жеткізді.

Көл үстіндегі саяхаттан кейін жағалауда инклюзивті волонтерлік бойынша түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар, шеберлік сабақтары мен тренингер өтті.

Айта кетейік, бұған дейін Балқаш қаласында 2014 жылы желкенді қайықтар жарысы өткен болатын. Желкенді қайық спортынан да жеткен жетістіктер аз емес.

Балқаштық Алексей Сесорев ХДСШ-і Республикасының 8 дүркін чемпионы. «Луч», «Лазер» желкенді қайықтармен Пәкістан регатасының (Карачи 1997 жылы) Таиландтағы Азия ойындарында «Лазер» желкенді қайығында тобы бойынша чемпион атанды.

БАЛҚАШ

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# Тіл айбыны асқақтасын

Қазақстан халқы тілдері күніне орай Қарағанды қаласындағы №95 мектеп-гимназиясында «Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл» атты тіл апталығы өткізілді.

Ахмет Байтұрсынұлының туған күнін атап өту мақсатында оқушылар «Ұлт ұстазы» тақырыбында ашық диалог жазды, «Тілге құрмет — елге құрмет!» атты Ұлт ұстазының өмірі мен шығармашылығына байланысты қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде құттықтау челленджі өткізілді.

Аптаалық аясында «Тіл халықтың жаны мен тарихы» тақырыбында сынып сағаттары, «Тіл — достықтың алтын көпірі» тақырыбында мәнгерлеп оқу сайысы, «Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасы» тақырыбында эрудит сабағы, «Мұзтаудың мұзбалағы» (жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына арналған кітапқұмарлар фестивалі), «Мәңгілік елдің — мәңгілік тілі» атты тақырыпта эссе жазу, «Тіл мәртебесі — ел мәртебесі» атты кітаптар көрмесі, «Маманға жүз сұрақ» атты тіл жанашырларымен кездесу, «Құлақтан кіріп, бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй» тақырыбында ұлттық әндер фестивалі ұйымдастырылды.

Айгүл МАЯКИНА, №95 мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі





• КСРО ХАЛЫҚ АРТИСИ ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

# Театр мен кино өнерінің абызы

Қазақтың тұңғыш драма театрының іргетасын қалаушылардың бірі және бірегейі, КСРО Халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Қалибек Қуанышбаевтың туғанына биыл 130 жыл толды. Заманында қалың көрерменнің құрметіне бөленіп, «Қаллеки» атанған жерлесіміз, қазақ елінің театры мен кино өнерінің абызы атанған Қаллекен жайлы бүгінгі мақаламызда бұрын көп айтылмаған оның өмір деректерін әңгіме етпекпіз.

Қалибек (шын аты Қалыбек) Қуанышбаев 1893 жылы сол кездегі Қарқаралы уезіне қарасты Сарытау болысының Қарақопа деген қыстауында дүниеге келген. Бұл қазіргі Қарқаралы ауданының бір кездері «1 май» совхозы атанған, кейінгі М.Мамыраев ауылының жері. Қазір бұл ауыл Ақжол деп аталады. Сол Сарытау болысында патша заманында екі аулнай ел болып, Құдайберді руының адамдары өмір сүрген екен. Негізгі, ата қоныстары Айрық, Арқалық, Едірей болып табылатын Айбике-Шаншардың ішіндегі Құдайберді руының екі ауылы бұл жақта қайдан жүр деген сұрақ тууы мүмкін ғой.

Әлихан Бөкейханов атамның айтуы бойынша, шамамен 1840 жылдары Құдайберді руының жартысы осы аймаққа Едірейден қоныс аударған. Негізгі себеп – жердің жайылымның тарлығы болса керек. 1898 жылы бүкілресейлік халық санағын жүргізуге қатысып, Қарқаралы аймағын бір жыл аралаған Әлексең өз шығармаларының 4-ші томында осылай деп жазады.

Қ.Қуанышбаевтың 1962 жылы жарық көрген «Шаншарлар» атты кітабы бар. Оған Қаллекидің әр жылдары жазған сықақ әңгіме, фельетон, өлең, пьесалары енген. Заманында онымен дос болған, шығармашылық байланыста, отбасымен аралас-құралас болған Мұхтар Әуезов Қаллекидің бір отырыста жалғыз өзі «секеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын» көсете алатынын таңғала жазған болатын. (М.Әуезов. 11-том, 254-б.).

Жасынан ән-күйге, әзіл-қалжыңға бейім болып өскен бала Қалибек шынында өзі сол әзілқеш шаншарлардың бірі еді. Себебі, оның ұлы атасы Құдайберді сол Қаракесек тайпасының белгілі шешен биі Шаншар абыз Бұлбұлдың туган ағаларының бірі еді. Ал осы Шаншар абыз Қаздауысты Қазыбек бидің үлкен әкесі, яғни Шаншардан Келдібек би, одан Қазыбек би туған. Осыдан-ақ Қалибек Қуанышбаевтың ата-тегің біле беріңіз. Бала күнінен домбыра тартып, ән айтып, күлдіргі әңгімелерді қағып алатын, әжуаға жаны құмар Қалибектің анасы Күніфия да Айбике-Шаншарлардың тұқымы еді.

Ол кісі тілге шебер, шаруаға пысық, көкірегі ояу адам болған екен. Баласының жасынан хат танып, өнерлі, сауатты болуына көп ықпал еткен көрінеді. Күніфия апамыздың Шаншарлардың ішінде қай рудан шыққанын осы мақаланы жазу кезінде анықтай алмадық. Бірақ, Қаллекі өзінің өмірі жайлы кітап шығаруды ойластырып, оның 57 бетін ғана жазып қалдырған екен. Сол ойдағы кітапқа «Бөдене. Балапан» деген шартты тақырып қойыпты. Осыған қарағанда Келдібек биден туған әйгілі «Ақсақтың алтауы» атанған Қазыбек бастаған алты ұлдың екеуі Бөдене, Балапан еді ғой. Яғни, оның анасы осы екі рудың бірінен болса керек-ті.

Жүрген жерлері ойын-сауық, әзіл-қалжың болатын, содан халық арасында «шаншарлардың құлары» атанған бес Бошанның бірі Шаншар абыз тұқымдары Балқантау, Арқалық, Айрық, Едірей, Мыржық, Дегелең өңірін алып жатқан. Жоғарыда айтқанымыздай, солардың бірі Құдайберді руының екі аулнай елі Қояндыдан 25-30 шақырым оңтүстік-шығысқа қарай Қарқаралы тауымен екі ортада ең жайлап жатқан-ды. Осы манда әйгілі Қарқаралы-Омбы пошта жолының сиырлы бекеті бар еді. Осы бекетте Қалибектің ағасы Мұхит ат айдаушы болып жұмыс істейтін, табыскер отағасы болады. Өзі аңшылыққа жанықұмар, бір ағайыннан алған жүйрік аты, тазысы болған.

Осы ағадан көрген өнеге бойынша бала Қаллекі де жасында аңшылықтан құралақан емес еді. Ал төрт жасынан бастап, ойдан қалжың шығаруға, біреудің оташ мінезін көрсетсе, келемеждеуге әдеттене бастайды. Алты-жеті жасқа келгенде оны ауыл молдасына оқуға береді. Екі жыл сонда оқып, қара таниды. Бірақ молданың сабағын онша ұнатпай, қайта оны мазактап, жиі-жиі шыбықтың астында қалады. Өстіп жүргенде Едірейге жолы түсіп Айбике-Шаншар еліндегі Жайсақ қажының ауылына барады.

Жайсекең қажылыққа жаяулап-жалпылап жүріп жеті рет барған, елге белді адам болған. Сол Жайсақ қажының бейіті бүгінде Айрықта, Түндіктің өзенінің бойында тұр. Қажының оқы-

мысты Камал деген баласы осы уақытта ауылда екен. Әке жолын қуып, оқу-білім іздеген Камал алғашқыда Стамбұлдағы «Айя София» медресесінде оқып, кейін Уфадағы «Ғалия» медресесінде жалғастырған еді. Ол Қарқаралыда, Қарағандыда, Көкшетауда сабақ берген. Міне, сол Камалға, ауылға демалысқа келген болуы керек, бала Қалибек жолғып, одан төте жазуды үйренеді. Бірнеше кітап алып, соны оқып, білімін ұштайды. Сонымен қоса, өзімен ағайындас өз ауылында Мұхаметәлі деген көзі ашық, ақын, өнерлі адам бар еді. Сол заманның оқыған, сал-сері, өнерлі, белсенді, көкірегі ояу азаматтармен дос болып, аралас-құралас болған Мұханның есімі Қарқаралы өңіріне белгілі. Дәл осы Мұхаметәлі Мәди Бөпұлымен үзегілес болып, өмірлік дос еді. Сол Мұхат Қарқаралыда Мәдиді жерлеуге қатысып, жоқтау өлең жазған.

Мұхаметәлі Толыбаевты Мұхтар Әуезов «Абай» эпопеясын жазуға дайындық кезінде Алматыға алдырып, Абай жайлы әңгімелерін тыңдаған екен. Шежіре ақсақал сол күйі Алматыда қалып, 1936 жылы сол қалада қайтыс болып, сонда жерленген. Міне, осы ауылдың көзі ашық, сауатты ағайынынан



«Амангелді» фильмінде (1938 жыл)

бала Қалибек көп нәрсе үйренген. Оның жинаған қисса-дастандарын, соның ішінде Абайдың өлеңдерін жаттап өседі. Тіпті, бір жаз ауылдың балаларына төте жазумен хат танытып сабақ берген еді. Солардың ішінде ағасы Мұхиттың ұлы Уәлібек және Әбіш деген аудақты адамның Мүрсәлім деген баласы болады. Сол Мүрсәлім Әбішев 1960 жылы Алматыда жазушы Сапарғали Бегалинге: «Бізге алғашқы қара танытқан ұстазымыз Қаллекі ғой» депті. Ол кезде Мүрсекен Жамбыл облыстық қаржы бөлімінің менгерушісі екен. Алайда, Қаллекі мұғалімдікті кәсіп еткен емес. Оның көңілі аңшылыққа, өнерге, ойын-сауыққа ауа береді, сол жолға түседі.

Ауыл арасындағы жиын-той, шілдеханаларда өзінің көңілашар ойындарымен көзге түскен Қаллекінің өнерді, сөз құдіретін біржолата таңдауына тағы да Айбике-Шаншар ішіндегі Асан руынан шыққан әзілқеш Мауқай қатты әсер етеді. Оны алғашқы рет бала Қалибек өздерімен ағайындас Садырбек ауылына күйеу Мауқай келгенде көреді. Қыс ішінде қайын жұртына амандаса келген ол бір ай осында қонақ болып жатады. Күнде кешкілік әңгіме-дүкен құрады. Жас бала Қаллекі бір қызық кітап оқығандай әсерде болады. Оның ел ішіндегі әңгімелерді қызықты етіп айтатын шеберлігі таң қалдырады. Өзі де соған еліктеп, әжуа әңгіме айтуға машықтанды.

Сөйтіп жүргенде 1915 жылы Қаллекі жігіт болған кезде әкесі оны Қояндының Қарасу өзенінде отырған Балғынбай деген кісінің үйіне баруға жұмсайды. Дәл осы мезетте сол ауылға қасында екі жолдасы бар Мауқай келе қалады. Осылайша, онымен жақын танысуға мүмкіндік болады. Әңгіме арасында Мауқай Абаймен дәмдес болып, бір жаз оның қасында болғанын айтады. Абайдың бәйбішесі Ділденің бауыры Сламбекке еріп барғанда Мауқайдың күлдіргі әңгімесі ұнап, оны ауылға қайтармай алып қалыпты. Жаздай қасында ұстап, жиындарға, ойын-тойларға оны ертіп жүріпті.

Осы отырыста Балғынбай сөз арасында: «Мауқыш, ана жылы Сүбектің



Теміржанның айтқан сөзінді сырттан естіп едім. Соны өз аузыңнан естіп, айттып берші» дейді. «Ө, ол бір кезінде айта салған сөз ғой» деп күлімдеп алып әңгіме қозғайды. Доңыз жылының жұтында мал қырылып, біраз шаруа жайлауға шыға алмай, жатақ болып қалады. Байлар жайлауға көшіп кетеді. Күзекке оралған кезде Теміржан бай жатақты қонаққа шақырады. Мал сойылып, қымыз сапырылады. Мауқай бірдене айтса, жұрт күледі, ол күлмей сойған қасқыр құсап құр ырсады. Сонда Теміржанның баласы: «Мауқыш аға, сіздің мұнының күлгеніңіз бе, әлде реңжігеніңіз бе?», – дейді. «Жатақтың қара шыбынымен төбелесемін деп, тіпті күлкі дегенді ұмытып қалып-

пын. Сендер күлгенге күлейін десем, ернім икемге келмейді» – деп байлардың өздері көшіп, кедейлерді жатақ қылғанын мысықылдайды. Отырған жұрт одан әрі марқылдап күледі. Ұрмай-соқпай, сөзбен де өш алуға болатынын Қаллекі Мауқайдан осы жолы үйренеді. Оны өзіне ұстаз тұтып, кейін кәсіби сахнаға шыққанда да сол шаншардың қуының әрекеттерін есіне ұстағаны анық.

Қалибектің өз өнерін ұштап, халықтың көзіне түсіп, аты аймаққа жайылған



М.Әуезов «Абай» Құнанбай – Қ.Қуанышбаев

жері оның өз ауылынан 30 шақырым жердегі Қоянды жәрменкесі еді. Мұнда тек қана сауда-саттық қызып қоймай, ел ішінен шыққан өнерпаздар халық алдына шығып, сауықтың көрігін қыздыратын-ды. Бозбала Қалибек осы думанның бел ортасында болып, өзінің әзіл-қалжың ойындарымен көпті риза етіп жүрді. Осында жүріп, жынды Омар атанған Омар Әбдіұлы, жынды қара атанған Ахмет Берсағынұлы (Жарылғап руынан) және қоян, жылан болып билейтін Зәрубай Құлсейітұлымен танысып, өзі әжуа мен мысықдың перісі, яғни, «пері Қалибек» атанады. Бұл 1914-1915 жылдар болатын.

Ал 1916 жылы қазақтарды қара жұмысқа алуға патша жарлығы шығып,

жәрменкенің мәні кетті. Қара жұмысқа аттанғандардың арасында қара домбырасын алып Қалибек Қуанышбаев, он екі баспалы сырнайын асынып Ғаббас Айтбаев кете барды. Олар бір жыл бойы Белоруссия жерінде орман арасында ағаш кесумен айналысады. Қолдары қалт еткенде екеуі жігіттердің көңілін көтереді. 1917 жылғы төңкерістен кейін елге аман-есен оралады. Сол жылы қыста жұт болып, халықтың жағдайы ауырлайды. Содан күнкөріс қамымен ауыл жігіттері Омбы қаласына аттанады. Ол осында Дүйсенбай деген аудақты адамға көшір болып жұмыс істейді. Қалада 1920 жылға дейін тұрып қалады. Осында өз жерлері Угар Жәнібеков, Мұхаметқали Татимовпен танысып, Қажымұқанмен дәмдес болады. Өстіп жүргенде анасы Күніфия сырқаттанды деген хабар жетіп, елге қайтады. Ел ішіндегі өзгерістерді көріп, өзі де қоғамдық жұмысқа белсене араласады. Қалада болып, сауатын ашқан Қаллекиді ауылдық кеңеске сайлайды. Бірақ еркін сөйлеп, сауықты жақсы көретін ол бұл қызметті тастап, болыстық комитетте курьер болып істейді. Сөйтіп жүргенде 1921 жылы жазда Қарқаралыда Қазақ АССР-інің автономия алуының бір жылдығы тойланады. Оны өткізуге Семейден губисполкомның хатшысы Мұхтар Әуезов арнайы келеді. Осы тойға 10 әнші қатысып, бірінші жүлдені Ғаббас Айтбаев, екінші орынды Қали Байжанов, үшінші жүлдеге жас әнші Жүсіпбек Елебеков ие болады. Жиналған жұрт Зәрубай мен жыңды қараның «Қоян-бүркіт» ойынын, жыңды Омардың мылқау-серісін және Қалибектің «Қыз ұзату» ойынын қызықтайды.

Қаллекидің 1925 жылы Қоянды жәрменкесінде болып Иса Байзақов, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Майра Уәлиқызымен өнер көрсетуі оның есімін бүкіл елге жаяды. Дәл осы жылы жәрменкені өткізуді кеңес өкіметі өз қолына алып, азамат соғысы жылдары тоқтап қалған игі істі жалғастырады. Әйгілі Қажымұқан келіп, өз өнерін көрсетеді. Жәрменкенің ашылуына республика басшылары келеді. Осы жылы Семей губерниялық газетінің тілшісі Николай Анов келіп, бір ай бойы жәрменке қызықтарын өз көзімен көріп, республикалық газетке көлемді мақала жазады. Кейін осы оқиғаны негізге ала отырып, «Ән қанаты» атты кітап жазған. Сол мақалада жоғарыда аталған өнерпаздардың аты-жөні аталады. Содан көп ұзамай республика басшылары қазақ драма театрын құру жөнінде шешім шығарып, ел ішіндегі өнерлі адамдарды жинау қолға алынады.

Солардың қатарында Қалибек Қуанышбаев та ілігіп, шақырту алады. Қарқаралыға екі рет желелхат келіп, газетке құлақтандыру шығады. Онда: «Кімде-кім Қалибекті көрсе, оны Қызылордаға шақырып жатқанын айтыңыздар» деп жазылған екен. Осы хабар жетісімен ол әкесімен, ағасы Мұхит, жұбайы Қазиямен ақылдасып, жол жүруге қамданады. Содан лаулап Семейге жетеді. Сол жердегі поезға отырып, 8 тәулік жол жүріп, Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға жетеді. Осында Қостанайдан Серке Қожамқұлов, Орынбордан Елубай Өмірзақов, Шымкенттен Құрманбек Жандарбеков, Қапан Бадыров келеді. Оқығаны бар Жұмат Шанин режиссер болып тағайындалады.

1926 жылы 13 қаңтарда қазақ драма театрының шымылдығы тұңғыш рет ашылып, Қызылорда халқына бірінші ойындарын көрсетеді. Онда М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасының үшінші актісі көрсетіліп, қалған бөлімінде Қаллекидің сықақ әңгімесі, Исаның терме-жырлары, Өміренің әдемі әндері орындалып, қала жұртын аузына қаратады. Дәл осы күннен бастап, Қалибек Қуанышбаев тура 33 жыл қазақтың тұңғыш драма театрының сахнасынан түскен емес. Кейін академиялық атақ алған қазақ театрының іргетасын қаласып, ыстығына күйіп, суығына тонды. Оқығаны болмаса да, тоқығаны көп, туа біткен талант, табиғи дарын, тілге шешен Қаллекидің осы 30 жылдан астам уақытта ойнамаған кейіпкері, образы жоқ десе де болады. Соның ішінде «Еңлік-Кебектегі» Абыздың, Көбейдің, «Абайда» Абайдың, Құнанбайдың образын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуға» Ақын аға, «Ақан сері – Ақтоқтыда» палуанның бейнесін асқан шеберлікпен ойнаған. Қазақшаға аударылған Н.Гогольдің «Ревизорында» қала басшысының, Шекспирдің «Асауға тұсауында» Баптистің ролін нанымды етіп шығарған еді. Қазақ киносына да көп еңбек сіңірді.

Әсіресе, «Абай» кинофильмінде Абай образын алғашқы жасаушы ретінде тарихта қалды. Актерлік диапазоны өте кең Қаллекі халыққа сүйкімді образ-

дармен қатар жағымсыз кейіпкерлерді өзінің жасынан, сонау Қоянды жәрменкесінде бастаған күлдіргі рольдерді де кемеліне келтіре орындағаны баршаға аян. Мысалы, Ш.Хұсайыновтың «Алдар Көсе» комедиясындағы мес қарын, мешкей уәзір – Шораяқты көрермен есінде қалатындай ойнағанын айтуға болады. Сондай-ақ, театр училищесінде жастарға өзінің білгенін үйретіп, тәлімгер де болған. Жас актерлер әрбір ойыннан кейін режиссерге емес, Қаллекі не дер екен деп ақылшы ағаға қарайды екен.

Қазақ театрының абызы көптеген өнер адамдарымен, ақын-жазушылармен дос, сырлас, сыйлас болған. Күйші Өбікен Хасеновпен құрдас болса керек, қатты жолдас болып, ерекше бір-бірімен ойнайды екен. «Сары Көшімім» – деп Жүсіпбек Елебековті іні ретінде құрметтесе керек. Ал ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен шығармашылық байланыста болып, отбасымен араласқан екен.

1932 жылы Мұханды алашордашы деген айыппен екі жыл түрмеге қамап қойғаны белгілі. Сонда Ахмет Байтұрсынұв: «Біздің ішіміздегі ең жас сенсің. Сен кейінгі ұрпаққа керексің. Бұл пәледен құтылу үшін жаздым-жаңылдым деп кешірім сұрауың керек», – деп ақыл берген екен. Ақыры солай істеп, 1934 жылы М.Әуезов босап шығып, сол кезде енді ғана ашылып жатқан қазақ драма театрына әдебиет бөлімінің менгерушісі болып қызметке кіреді. Осылайша Мұхат артистермен қоян-қолтық араласып, оларға лекциялар оқиды, театр тарихынан әңгіме айтады.

Осы артистердің ішінде Қаллекімен ерекше достық, шығармашылық байланыста болады. Өлем классиктерінің пьесаларын қазақшаға аударды. Мысалы, «Ревизор», «Асауға тұсаудағы» образдарды жасау кезінде Қаллекі қатты киналады. Сонда ұлы жазушы көмекке келіп, басқа ұлттардың психологиясы, әдет-ғұрпы жайлы Қаллекіге көп ақыл-кеңес береді. Соның арқасында бұрын көрмеген бейтаныс образдарды алып шығып, оны көрген Мәскеу артистері таң-тамаша қалғанын оның замандастары айтып қалдырған. Театр абызы Абай бейнесін, Құнанбай образын жасаудағы еңбегі үшін 1952 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алса, осы жолда Мұханның ақыл-кеңесі айрықша болса керек-ті.

Қазақтың театр және кино өнерінің дамуына үлес қосқан Қалибек Қуанышбаевтың осы саладағы еңбегі жоғары бағаланды. 1936 жылы қазақ өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысып, сол жолы ҚазақКСР-інің халық артисі атағын алады. 1958 жылы Мәскеудегі екінші онкүндіктің нәтижесі бойынша оған КСРО Халық артисі атағы берілді. Ол 1946 жылдан бастап, үш рет қатарынан КСРО Жоғары кеңесіне Қостанай облысынан депутат болып сайланып, халық қалаулысы атанды. Сол заманда барлық құрмет көрсетіліп, «Құрмет белгісі», Еңбек Қызыл Ту және Ленин ордендерімен марапатталды. Бұл деген ол уақытта зор мәртебе еді.

Оған республика басшылары, 30-шы жылдардағы Ағарту министрі Темірбек Жүргенов, кейінгі Мәдениет министрі Лияс Омаров, Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев көңіл бөліп, құрмет көрсеткен. Тіпті, 1959 жылы Қаллекі сырқаттанып, театрдан кеткенде оның өтініші бойынша Д.Қонаев Қарқаралы қаласынан арнайы үй салдырған екен.

Ел-жұртын сағынған театр абызы осында бір жыл тұрыпты. Содан 1961 жылы маусым айында Мұхат қайтыс болғанда Қаллекі досыма топырақ саламын деп Алматыға ұшып келіп, ақыры сол күйі осында қалып қойыпты. Алғашқыда қатты қайғырып, төсек тартып жатып қалады да, кейін бала-шағасы жібермеген болса керек. Ақыры ол 1968 жылы 6 маусымда 75 жасында дүниеден озып, Алматыға жерленді. Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі болған Қалибек абызға кейінде құрмет көрсетілді. Оның 100 жылдығында өзінің туған Ақжол ауылында музей ашылды. Астана қаласында сазды драма театрына Қалибек Қуанышбаев есімі берілді. Ештен кеш жақсы, Қарағанды қаласында да Қаллекіге бір белгі қояр деп үміттенеміз.

Міне, Қазақстанның және КСРО-ның Халық артисі Қалибек Қуанышбаевтың туғанына – 130 жыл толды. Оның құрметіне түрлі шаралар өтіп жатыр. Біздің ойымыз – сол алпысыншы жылдары Д.Қонаевтың тікелей нұсқауымен Қарқаралыда салынған үйді іздеп тауып, қабырғасына ескерткіш тақта қойылса, театр абызына көрсетілген көп құрметтің бірі болар еді.

Серік СЕКСЕНУЛЫ,  
Қазақстанның Құрметті журналисі



ТАҒЫМ

# Ортамыз ойсырап қалды

**Жас қартаймақ, жоқ тұмақ, туған өлмек, Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек. Басқан із, көрген қызық артта қалмақ, Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.**

Ерте заманнан, әлмисактан өлім туралы бізге жеткен қазақтың шешендік сөздері мен қанатты қағидаттарына ден қойсақ: «Өлмесе қайда кеткен баяғының көрісі мен пайғамбардың бәрісі. Жер жүзін жайпаса да бір тоймайды кара жердің тылсымы. Өткенге өкінебе, келмесе кейіме. Өлім деген ұзақ жолдың алысы», – деген екен.

«Тұмақ бар болса, өлмек бар» – деген қазақ атам. Өлімнен ешкім қашып құтыла алмаған. Туғанымыз бір болмаса да, ұзақ жылдар бойы (60 жылдан астам) өмірді бірге өткізген досым Мақсұт Қанапияұлы Сәдуақасов ортамызды ойсыратып осы жылдың 22 тамызында келместің кемесіне мініп, жалған фәни дүниеден бақилыққа, мәңгілікке аттанып кете барды. Осыдан төрт ай бұрын Мақсұт 80-нің биігіне шыққан еді. Барша пенденің баратын жері, үйі бір ғой. Өкініштігі досымыз Мақсұт пен қолтаспа алмай қалды. Толқындай тулап, сынаптай сырғып жатқан Уақыт деген феноменді тоқтата алмаймыз. Сол себепті Мақсұттың өмірден озғанына да 40 күннің жүзі болды.

Мақсұт 1943 жылдың мамыр айының 16 жылдығында Осакаров ауданына қарасты «Маржанкөл» ауылында дүниенің есігін ашқан. Әкесі – Қанапия Кіші жүздің Рамадан руынан. Ертеректе шамамен XIX ғасырдың орта кезінде бабалары Қарқаралы маңына қоныс аударған. Кейіннен тұрмыс жағдайымен Маржанкөл елді мекеніне көшіп, кеңшарда бөлімше басшысы, кеңшардың шаруашылық жағында еңбек еткен. Өрі қарай ауданның «Қошқарбай» ауылына қоныстанып, «Нұраталды» совхозында еңбек істейді.

Анасы – Ақаш Қояншытағай бабамыздың «Дайрабай» бұтағының тұтасы. Өмірге 7 перзент әкеліп, бәрін тәрбиелеп, қанаттандырып, құтты орындарына қондырған алтын құрсақты аяулы ана.

Мақсұт 1960 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітіріп, 1965 жылы Ақ-

мола ауыл шаруашылық институтының механикаландыру факультетін тәмамдап, жоғары білімді инженер-механик мамандығын алады. Еңбек жолын ауданның іргелі шаруашылығының бірі болған «Нұраталды» совхозында қатардағы еңбекті көп қажет ететін үдерістері (процестері) бойынша инженерінен бастап, кеңшардың бас инженері болып абыройлы қызмет атқарады. 1966-1970 жылдары кеңшардың 5000 басқа арналған мал қоралары бас инженердің тікелей басшылығымен толықтай механикаландырылды.

Мақсұттың ауыл шаруашылығы саласындағы жоғары ұйымдастырушылық қабілеті аудан басшыларының назарына ілініп, сол тұстағы аупарткомның бірінші хатшысы аты Сарыарқаға белгілі Камали Дүйсембеков оны шалғайдағы «Қарабұлақ» қой кеңшарының директорына тағайындайды.

Бұл совхозды бас-аяғы 2-3 жылдың ішінде аяққа тұрғызып, экономикасын рентабельді шаруашылық деңгейіне жеткізеді. Кейіннен Ақадыр ауыл шаруашылығы басқармасына басшылық жасап, аудан әкімінің орынбасары қызметін абыроймен атқарады. Өрі қарай осы ауданның артта қалған «Өспен» кеңшарын 10 жылдай басқарып, кеңшарды алдыңғы қатарға қосады. Осы жылдары Жезқазған облыстық Кеңестің депутаты болып, ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын көтеруге өзінің қомақты үлесін қосады. Еңбек жолының соңғы жылдарын «Талды» жеке-меншік агро шаруашылығына жетекшілік жасап, нарықтық экономиканың талаптарын басшылыққа алып, ауыл шаруашылығының өнімдерін өндіруге және оны өңдеуге бағытталған жұмыстарды атқарады.

«Талды» ауылында кемелденген кезінде 7 перзенттің аяулы анасы, сүйікті жары Рымкешті жер қойнауына тапсырды. Одан кейін бауыры Аханды да ажал аузынан арашалай алмады.

Өмірдің осындай ауыртапшылықтарына мойымай Мақсұт 45 жылға жуық уақыт күрмеуі қиын, кедергісі көп,

ауыл шаруашылығы саласында аянбай тер төгіп, еңбек етті. Еңбек жолында білгір маман, білікті басшы, қабілетті ұйымдастырушысы бола білді.

Мақсұттың болмысы – турашыл, бағыты – айқын, жүрегі – таза, көңілі – ашық, мінезі – қатал, жауапкершілігі жоғары азаматтық қасиеттерін көрсетті. Міне, осындай азаматтар қолға алған ісін жоғары деңгейде орындап, көпшілік жұрттың алғысы мен ризашылығына ие бола алатынын көзіміз көріп жүр.

Мінезі қатал болғаннан кейін шаруашылық жағдайында Мақсұттың қатты кеткен кездеріне ұшырасқандар да болуы мүмкін. Ол мәймөңкілеуді, өтірік айтқанды, екі ұшты үзде бергенді, алдаусыртқанды жақтырмайтын басшы болған.

Менің ұзақ еңбек жолымда саланың білікті басшысы болып қалыптасуыма әр кездері қолдауы мен көмегін көрсеткен Камали Дүйсембеков, Қамза Жұмабеков, Сұлтан Аменов, Қасымбек Медиев, Иван Колбасин, Қажымұрат Нағыманов, Дамир Мұхамедғалиев, Әсман Туғанбаев, Дәулет Нұрқиев, Аманбек Абдыханов, Марат Мусин, Бөрібай Жексембин, Кәкімжан Сарханов, Сайран Рақымжанов, Сұлтан Тұғбаев, Құрал Күзенбаев, Тұрар Алтынбеков, Жұмағұл Серіков, Мағауия Сатыбалдин, Есенкұл Түсіпов, Біләл Досқиев, Әділ Бақиров, Тілеуғабыл Есенбекұлы, Санат Тұңғышбеков сынды тұлғалы азаматтардың есімін еске алып отыратын Мақсұт.

Мақсұттың еңбегі бағаланып, 1972 жылы «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. «Тың жерлерді игергені үшін» 10, 20, 50 жылдық мерекелік медальдардың иегері. «Еңбек ардагері», Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы саласының «Құрметті ардагері» және Шет ауданының Құрметті азаматы атақтарының иесі.

Қазақ атам айтқан ғой «Артында ұлың болса – өзің қалғаның, қызың болса – ізің қалғаның» Иншаллаһ! Мақандың артында ұрпағы баршылық.

Мақсұт досымызды имамдардың қатысуымен тәрбиелеп, арулап, ақыреттеп Біләл аға, Мағауия үшеуімді Өнет баба мешітінен ақтық сапарға шығарып салдық. Алматы-Астана тас жолының бойында Нұраталды елді мекенінің ба-



тысында өзі салған мазарда алғашқы жары Рымкештің жанында мәңгілік мекенінде тынысталды. Қайғылы қазаға келген халықтың қарасы қалып болды. Алматыдан, Астанадан, Балқаштан, Жезқазғаннан, Қарағанды, т.б. жерлерден келген туған-туыстар, құда-жекжат, дос-жарандар, отбасына, туған-туыстарды-бауырларына, балалары мен мерелеріне қазаға ортақтасып, көңіл айтты. Алла қадамдарың сауапқа жазсын.

Маканның ғұмыр кешуіне ден қойсақ: «Адам елеусіз тозаң сияқты із-түссіз құрып кету үшін тұмайды. Адам артына із қалдыру үшін жер бетінде, басқа адамдардың ақыл-ой дүниесінде, жүрегінде сақтау үшін туады. Адам ұрпағымен мың жасайды». Ұлылардан қалған осы ұлағатты ой Мақсұт сынды азаматтарға айтылғандай. Шүкіршілік, соңында сағынатын, іздейтін, әулеті, ұрпағы, кейінгі қосағы Қатипа бар. Сол себепті Мақсұт өлген жоқ, тек өмірден озды. Рухы жұмақта шалқысын! Мекенің – жұмақ, мінгенің – пырақ, қараңғы үйің жарық болсын, қимас – Дарабоз дос – Мақсұт!

Сенің жоқтың ортамызды ойсыратып тұр. Екі қанатымың біреуі едің. Өткен күннен қалатыны енді – естелік, дұға бағыштау.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда жанымыздан кеткенімен жадымыздан өшпейсің. Арнаған 40 күндік ас, оқылған Құран қабыл болсын. Жатқан жерің мамық, жаның жәннатта, тәңір рахатта болғай!

**Боранбай ЖҰМКИН,**  
**Шет ауданының Құрметті азаматы,**  
**ҚР Ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері**  
№540

КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ

# Алғыс алған Азамат

Абай қаласының жүзу бассейніндегі аэробика залының іші. Біз кіргенде де Азамат жаттығуларын тоқтатады. Науқас баланың аяқтарын созып, бүтін, сылан-сипап, уқалауда. Сәлден соң оны орнынан тұрғызып, жүргізе бастады. Осы бір көзі жәудіреген бүлдіршін екі-үш аттайды да, құлайды. Тістенің қайта тұрады. Аумағы 75 шаршы метр залдың басынан аяғына жеткенше ол неше рет құлап, тұрып, жан тері шықты. Жаттықтырушының нұсқауымен оңға-солға бұрылуының өзі күш. Екі қолының саусақтары да икемге келмей, ауа қармайды. Енді оның виброплатформаға көтеріліп, түсуі де онайға соқпай жатыр. Ол сонда да жанталаса тырбанып бағуда. Бұл аянышты да азапты көрініс бір сағатқа созылды. Қарап тұрып, бейбақ баланы мен аяп кеттім. Менің жанымда оның қимыл-қозғалысын манадан бері бақылап отырған келіншектің көзінен мөлт-мөлт жас тамып та кетті.

Осы сәттен бастап, Ағыбаевтың жолы ашылып, жұмысы да алға басты. Келесі 2022 жылы бизнес-жобасына тағы да аудан әкімінің 2 миллион теңге грантын жеңіп алды. Азамат сол ақшаға жұмысшына қажет Даянш жұмсақ төсеніштері мен жүгіру жолақтары, виброплатформа, түрлі тренажерлар, жиһаздар сатып алып, орналастырды. Соның нәтижесінде мұның ақылы емдік денешынықтыру курсына жазылушылар қатары көбейі түседі. Алайда, ол

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»



жылы бітірген оның кәсіпкерліктің қыр-сыры мен медициналық көмек көрсетудің әліппесінен бастап оқып-үйренуіне тура келді. Қаншама курстарды оқып, біліктілігін арттырып, содан алған ондаған куәліктері мен сертификаттары бар. Атап айтқанда, «Бастау-бизнес» кәсіпкерлік жобасы бойынша, «Емдік массаж және емдік денешынықтыру» курстарынан өтіп, Доктор Лабуңцтің орталығында «Медициналық фитнес нұсқаушысы» бағдарламасын меңгеріп, «Бейімдік денешынықтыру және спорт: қазіргі жайы және даму келешегі» тақырыбындағы І халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға да қатысқан.

Осыдан кейін 2021 жылы Абай ауданының әкімдігіне өзінің бизнес-жобасын тапсырып, конкурстың қорытындысында 1 миллион теңгеге грантын ұтып алды. Сөйтіп, кәсіпкерліктегі алғашқы қадамын Абай қаласындағы «Абсолют» сауда үйінен жалға алған шағын бөлмеде бастаған еді. Бірақ көп ұзамай оның жалдау ақысы көтеріліп кетеді.

– Мен сол кездегі аудан әкімі Бауыржан Асановқа осы жағдайымды айтып, көмек сұрадым, – дейді Азамат. – Ол екі сөзге келмей, жүзу бассейніндегі осы залда ауруларды қабылдап, емдік шаралар өткізімізге рұқсат етті. Мұнда өздерінің кестесі бойынша гимнастар да дайындалады.

ешкімді де бірден аяғынан жүргізіп, шапқылатып жіберемін демедей. Өйткені, бұл үшін өзіне де, емделушіге де темірдей жүйке мен төзім керек.

Жасынан ауыр дертке шалдыққандарға қолдан келген жәрдемін жасап жүрген Азамат жастар арасында саламатты өмір салтын қалыптастырып, олардың шымыр болып өсуі үшін де тер төгуде. Ол балауан інісі Тұрсынғалимен бірге өздері тұратын Қарабас пен Топаркенттерінде 90-нан аса баланы грек-рим күресінің әдіс-тәсілдеріне баулып, жаттықтырумен де шұғылданады. Осының бәріне уақыт тауып, тыным таппайтын Азамат – нағыз азамат!  
**Абай ауданы**

**ХАБАРИАМА**

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурсты жариялайды.

Конкурсты өткізу күні: 30.10.2023 жыл.

Конкурсты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үй, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

- Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5/4 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының № 5 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 77-03-23. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.
- Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан «Приозерск қаласының ауруханасы» ШЖҚ КМК байланыс телефоны 8(71039) 5-23-43. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.
- Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Осакаров кенті, Школьная көшесі, 124 үй мекенжайы бойынша орналасқан ШЖҚ «Осакаров ауданының аудандық ауруханасы» КМК байланыс телефоны 8(72149) 4-13-78. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 2 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуын қамтиды:

- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде бес жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;
- денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық белгіленгенді мүшесі.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:

- соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- заңды тұлғаны банкрот деп тауу туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;
- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
- байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 28.09.2023 жылдан бастап.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ**

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 30.10.2023 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

- В КТП «Поликлиника № 5 города Караганда» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Муканова, строение 5/4, контактный телефон 8(7212) 77-03-23. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.
- В КТП на ПХВ «Больница города Приозерск» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Транспортная, здание 19, контактный телефон 8(71039) 5-23-43. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.
- В КТП на ПХВ «Районная больница Осакаровского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Осакаровский район, поселок Осакаровка улица Школьная, дом 124, контактный телефон 8(72149) 4-13-78. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 2 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее трех лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;
- ранее совершившее коррупционное правонарушение;
- находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- резюме на государственном и русском языках;
- автобиография (в произвольной форме);
- копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- копия документа о высшем образовании;
- копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 28.09.2023 года.

№539

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

«Saryaqsa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз Нұрмұхан Қалқаманға және холдингтің бұрынғы қызметкері, «Теміртау тынысы» газетінің бас редакторы Нұрлыхан Қалқаманға әжелері **Саркыт Бекбосынқыс ТӨЛЕГЕНОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық кеңесі тұлғалары, «Социалистік Еңбек Ері», «Шахтер даңқы» құрмет белгісінің толық иегері, Саран қаласының Құрметті азаматы

**Василий Петрович ЗИМЕНОКТЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, шын ниетпен көңіл айтады.





# Азиада: алғашқы жүлделер



19th Asian Games Hangzhou 2022

«Аспан асты елінің» Ханжоу қаласында 23 қыркүйекте XIX Жазғы Азия ойындары басталды. Жер шарын кеңінен жайлаған алып құрлықтың мықтылары сонда. Анығырақ айтсақ, 45 мемлекеттен шамамен 12500 спортшы қатысып жатыр. Ал, Қазақстаннан ел үмітін арқалап, 525 саңлақ аттанды. Ұлттық құрама сапында 48 қарағандылық бар. Сегізі – бапкер. Басталғалы бері сүйіншілеудеміз. Қоржында медальдар сынғырлады.



## Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Дзюдошы Мағжан Шамшадин қанжығасына қоланы байлады. Мағжан батыр үшінші орын үшін күресте Тәжікстаннан келген Мерзод Суфиевті жеңді. Жекпе-жек 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өтті. 81 келіде өнер көрсеткен Абылайхан Жұбаназар да сол мезден көрінді. Қола жүлде үшін белдесуде өзбекстандық Мусо Собировтан басым түсті. 63 келі салмақ дәрежесінде сыңға түскен Есмигүл Куялова да өзбекстандық Севинч Исокованы жығып, Азияда қоласын еншіледі. Ал, 48 келідегі Әбиба Әбужақынова финалдық белдесуде 3 дүркін әлем чемпионы Нацуми Цунадаға жол беріп, күміс алды. Сонымен қатар, Әбиба Әбужақынова биыл ақпанда Португалияда Гран-При бәсекесінде топ жарған (әйелдер арасында) тұңғыш қазақ дзюдошысы екенін біреу білсе, біреу білмейді. Нұрлыхан Шарханда да қола. Ол 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде белдесті. Медаль үшін шайқаста Шархан Оңтүстік Кореядан келген қарсыласы Джонхун Вонмен кездесті. Қазақстандық дзюдошы иппон әдісімен жеңіске жетті.

Мергендер де жарап тұр. Никита Чирюкин оқ ату жарысынан қола медаль жеңіп алды. Спортшы 26 ұпай жинап, жоғары жылдамдықты тапаншадан ағудан үшінші болды. Пневматикалық мылтықтан 10 метрден ату жарысы аяқталды. Ислам Сәтбаев пен Александра Ле жұбы да қола

алды. Алғашқы алтын медальді стенд ағудан скит бағдарламасы бойынша сыңға түскен әйелдер құрамасы әкелді. Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Ольга Панарина есімді мергендер оғын жетер жеріне жеткізді. Айта кетейік, отандық мергендер бірінші орынға ие болып қана қоймай, жалпы 350 балл жинап, Азиада рекордын орнатты. Олар Қытай (348 ұпай) және Таиланд (342 ұпай) командаларынан озды.

Қыздарды осы тарихи жеңіспен құттықтаймын! Алтын медальдан басқа, біздің спортшылар да жанадан жарыс рекордын орнатты. Бұл жеңісті одан да әсерлі етеді. Естеріңізге сала кетейін, Алматы облысында стенд



## «ЖҰЛДЫЗАЙ – 2023»

# Қоржында – 29 медаль

Кеншілер өлкесінің жас спортшылары «Жұлдызай-2023» ұлттық инклюзивті ойындарында лайықты өнер көрсетіп, 14 алтын, 10 күміс және 5 қола медаль иеленді. Жарыс Ж.Үшкемпіров атындағы жекпе-жек сарайында және Астанадағы «Qazaqstan» жеңіл атлетикалық спорт кешенінде өтті. Аукымды додаға голбол, жеңіл атлетика, үстел теннисі, асық ату, тоғызқұмалақ және бес асық бойынша 500-ден астам балалар мен жасөспірімдер қатысты.

## Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы құрамасынан мандандырылған мектептердің 32 тәрбиеленушісі бақ сынады. Жалпыкомандалық есепте аймақ құрамасы әр түрлі номинациядағы медальдар саны бойынша Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарының спортшыларына жол беріп, төртінші бағанға орналасты.

– Биыл біздің балалар өте жақсы өнер көрсетті. Бұрын қоржынымызда мұндай

көлемде медаль болған жоқ. Бұл – жас спортшылар мен олардың жаттықтырушыларының жетістігі. Өйткені, олар ойындарға үш ай бойы тынымсыз дайындалды. Еңбек ақталды, – деді «Сарыарқа дарыны» балаларға арналған қосымша білім беру өңірлік ғылыми-практикалық орталығы басшысының орынбасары Асхат Кәкетәев.

Қарағанды қаласындағы №3 арнайы мектеп-интернатынан облыс құрамасына сегіз тәрбиеленуші кірді. Оларды ұлттық ойындарға дене шынықтыру мұғалімі



Тойлыбай Комитет дайындап, баптады. Мұғалім мұндай жарыстар балалардың қоғамда әлеуметтенуіне көмектесетініне сенімді екенін айтты.

– Тәрбиеленушілеріміз жақсы нәтиже көрсетті. Бірақ, бұдан да жақсы өнер көрсетуге болатын еді. Толқу, қобалжу біршама әсер етті. Соған қарамастан, қол

## • ФЕСТИВАЛЬ

# Ұлттық спорт ұлықталды

Тұңғыш рет ұйымдастырылған Балқаш қаласы әкімінің кубогына арналған спорт фестивалі сенбі күні өз мәресіне жетті. Қарағанды облысынан 700-ге жуық спортшы қатысқан дүбірлі дода барысында кіл мықтылар анықталды. Бір айға жуық бірнеше спорт түрі бойынша жарысқа түскен спортшылардың жеңімпаздары «Металлург» спорт кешенінде марапатталды. Марапаттау рәсіміне қатысқан қала әкімі Сапар Сатаев спорт фестивалін дәстүрлі шараға айналдыру керектігін атап өтті.



## Нұрдос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Баршаңызды бүгінгі өтіп жатқан спорт фестивалімен құттықтаймын! Спорт додасы бірлік пен ынтымақтың нығаюына, бұқаралық спорттың дамуына ықпал етеді. Бұл сайыс сіздердің серпіліс алып, күш-қуат жинауларыңызға, спортқа деген құлшыныстарыңыздың артуына септігін тигізді деген сенімдемін. Бүгінде саламатты өмір салтын ұстануға, спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Спорт – ұлт денсаулығының негізі, – деді Сапар Сатаев.

Іс-шараны ұйымдастырушылар ұлттық спорт мерекесін әсерлі, есте қаларлықтай өткізуге тырысқан. Олар қазақ күресі, асық ату, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, кір тасын көтеру, волейбол, футбол, қашықтыққа жүгіру секілді спорттың финалдық сайыстарын бір мезетте өткізді. Сонымен қатар, алтын күз көрмесі және мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қазақтың әйгілі балуаны Қажымұқан Мұңайтпасов туралы театрландырылған қойылым қойылды.

Балуандар күресі де бәсекеге толы болды. Мықтылар екі салмақта белдесті. Жетпіс келіге дейінгі салмақта балуандар бәсекесінде ересектер тобында «Балқаш Барысы» атағын Әбілқайыр Мәулен мен Мағди Дүйсетай өз салмақта дәрежесінде иеленді. Қос балуан да қарсыластарын шақ келтірмеді. Түйе ба-

луандар арасындағы сында атакты Самат Амантаев жеңімпаз атанды. Қазақ күресінен жасөспірімдер арасындағы командалық турнирдің бас жүлдесін Шет ауданы еншіледі. Сарышаған командасы да белдесу барысында шеберлік танытты. Призерск қаласынан келген команданы бес салмақта басымдықпен жеңіп, ширек финалға шыққан болатын. Десек те, белдесуде жоғары ұпай жинаған Шет ауданы командасының қанжығасына бас жүлде байланды. Тоспа доптың додасы мен футбол ойыны да тартысты өтті. Балқаш волейболшының қыздар арасындағы ашық біріншілігінде бірінші орынды «Авангард» (Қарағанды) командасы иеленді. Ер адамдар арасында тұғырдың жоғарғы сатысына «Сарытерек» құрамасы көтерілді. Команданың өкілі Еркін Дарын «Үздік ойыншы» сыйлығын жеңіп алды. Ардагерлер арасында жеңісті қолдан бермеген «Жібек жолы» спортшылары бірінші орынға табан тіреді.

Айта кету керек, жасыл алаңда жақсы ойын көрсеткен «Барыс» командасының футболшылары ерекше дайындықпен келгендігі байқалды. «Әділ» командасымен өткен кездесуде бірнеше мәрте шабуылдай жүріп, гол салған «Барыс» командасы кубокты жеңіп алды.

Кір тасын көтеруден ақтық сыңға өткен алты үміткер шаршы алаңда 32 келі салмақтағы қос кір тасын көтеріп, күш сынасты. Сайыс қорытындысы бойынша бас

жүлдеге 46 рет кір тасын көтерген балқаштық Алексей Ногай ие болды. Екінші орынға жас спортшы Радмир Қурушев лайық танылса, үшінші орынды кір тасын 38 рет көтерген Руслан Абат иеленді.

Арқан тартыс сайысында «Металлург» командасы жеңімпаз атанып, бірінші орынды қанжығалады. Ал, «Қазақмыс Смэлтинг» командасы екінші орынға, «Арсенал» командасы үшінші орынға тұрақтады.

Сонымен қатар, жаяу жарысқа 300-ге жуық спортшы қатысты. Оның ішінде мектеп оқушылары, студенттер мен ересектер болды. Желаяқтарға екі қашықтықтың бірін – 3,5 және 8 шақырымды еңсеру оңайға соқпады. Қашықтыққа жүгіру сайысында 40 жастан асқан әйелдер арасында Светлана Абельдинова, 18-39 жас аралығы бойынша Ирина Боева және 18 жасқа дейінгі қыздар арасында Дарье Мартин жеңімпаз атанды. 40 жастан жоғары ерлердің ішінде Владимир Лопотышкин, 18-39 жас аралығында Александр Григорьев бірінші болып мәре сызығын кесті. Сондай-ақ, тоғызқұмалақ, асық атуда үздік шыққандар марапатталды.

Балқаш қаласы әкімінің кубогына арналған спорт фестивалінің соңы «Меломен» тобының құрамында, сондай-ақ, жеке ән шырақ жүрген танымал әнші Жігер Ауыпбаевтың концертіне ұласты.

## БАЛҚАШ

жеткізген нәтижелерге өте қуаныштымыз және жаңа биіктерге ұмтыламыз. Балалар арасында бес асықтан бірінші орын алған Мирас Жұмабаев пен жеңіл атлет Максим Духновты ерекше атап өткім келеді. Бұл балалар менен қосымша шеберлік сабағын алады. Бос уақытында бірге дайындаймыз. Сол еңбектің еленгеніне қуаныштымын. Жалпы, мектебіміздің барлық оқушысын мақтан тұтамын, – дейді Тойлыбай Комитет.

Құрамада №2 және 4 арнайы мектеп-интернаттарының оқушылары да болды. Олар да тамаша нәтиже көрсетіп, тоғызқұмалақтан, бес асықтан медальдармен, кубоктармен және үстел теннисінен арнайы номинациялармен марапатталғанын атап өту керек.

Сонымен қатар, жеңіл атлетикадан облыс құрамасы эстафетада 50 метр қашықтықта екінші, жүз метрлік жарыста үшінші орынға ие болды. Жеңіл атлетикадан жалпы есепте Қарағанды облысының командасы екінші орынға тұрақтады.

## ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС  
 Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
 Директордың орынбасары –  
 «Индустриальная Караганда»  
 газетінің бас редакторы –  
**О.В. МЯГКИХ**  
 Директордың орынбасары –  
**Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**  
 Бас редактор –  
**Е.К. МҮСАБЕК**  
 Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
 Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
 Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
 Бас редактор: 43-38-53  
 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
 Жауапты хатшы: 43-49-72  
 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
 Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
 Призерск: 8-702-293-13-70  
 Қарқаралы, Нұра, Оскарлов: 8-777-073-71-13  
 Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
 Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
 • Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
 • Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
 • Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігін  
 Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда  
 № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
 Газет сенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
 Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
 41-26-82, 43-57-88  
 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
 Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
 БИК КС18ВК20Х БИН 000840001412

Таралымы 4 564

№ 108 тапсырыс. Индекс 65484  
 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.  
**Бағасы келісім бойынша**  
 «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
 Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**